

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі атқарушы органдарының кейбір мәселелері туралы

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 9 сәуірдегі № 1-449 қаулысы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" 2011 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 23 наурыздағы, "Астана қаласын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 23 наурыздағы № 6 Жарлығына сәйкес - Қазақстан Республикасының астанасын басқару схемасы туралы " Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 232/26-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 29 наурыздағы № 368/47-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы – Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

- 1) "Астана қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Астана қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі " Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
- 3) "Астана қаласы "Байқоңыр" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі " Нұр-Сұлтан қаласы "Байқоңыр" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
- 4) "Астана қаласының "Есіл" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі " Нұр-Сұлтан қаласының "Есіл" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
- 5) "Астана қаласы "Сарыарқа" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі " Нұр-Сұлтан қаласы "Сарыарқа" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
- 6) "Астана қаласының активтер және Мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының активтер және Мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі;
- 7) "Астана қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі;
- 8) "Астана қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі;
- 9) "Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

10) "Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

11) "Астана қаласының қалалық ортаны регенерациялау басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының қалалық ортаны регенерациялау басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

12) "Астана қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

13) "Астана қаласының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

14) "Астана қаласының қоғамдық даму істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық даму істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

15) "Астана қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

16) "Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

17) "Астана қаласының құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

18) "Астана қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

19) "Астана қаласының отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

20) "Астана қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

21) "Астана қаласының стратегиялық және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-Сұлтан қаласының стратегиялық және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

22) "Астана қаласының тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Нұр-сұлтан қаласының тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

2. Мыналар:

1) "Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 1-қосымшаға сәйкес;

- 2) "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 2-қосымшаға сәйкес;
- 3) "Нұр-Сұлтан қаласы "Байқоңыр" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 3-қосымшаға сәйкес;
- 4) "Нұр-Сұлтан қаласы "Есіл" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 4-қосымшаға сәйкес;
- 5) "Нұр-Сұлтан қаласы "Сарыарқа" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 5-қосымшаға сәйкес;
- 6) "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 6-қосымшаға сәйкес;
- 7) "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 7-қосымшаға сәйкес;
- 8) "Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 8-қосымшаға сәйкес;
- 9) "Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 9-қосымшаға сәйкес;
- 10) "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 10-қосымшаға сәйкес;
- 11) "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық ортаны регенерациялау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 11-қосымшаға сәйкес;
- 12) "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 12-қосымшаға сәйкес;
- 13) "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 13-қосымшаға сәйкес;
- 14) "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 14-қосымшаға сәйкес;
- 15) "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 15-қосымшаға сәйкес;
- 16) "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 16-қосымшаға сәйкес;
- 17) "Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 17-қосымшаға сәйкес;
- 18) "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 18-қосымшаға сәйкес;
- 19) "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 19-қосымшаға сәйкес;
- 20) "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 20-қосымшаға сәйкес;

21) "Нұр-Сұлтан қаласының Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 21-қосымшаға сәйкес;

22) "Нұр-Сұлтан қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже 22-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. 23-қосымшаға сәйкес Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік мекемелердің басшылары осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау "Астана қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Б. О. Жакенов жүктелсін.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі

Б. Сұлтанов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің

2019 жылғы 9 сәуірдегі

№ 1-449 қаулысына

1-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Аппарат) Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің (бұдан әрі – әкім) қызметін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Аппараттың ведомстволары жоқ.

3. Аппарат өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Аппарат мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Аппарат азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Аппарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Аппарат өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Аппарат басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Аппараттың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Бейбітшілік көшесі, № 11.

10. Осы ереже Аппараттың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Аппараттың қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Аппарат кәсіпкерлік субъектілерімен Аппараттың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Аппаратқа заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, жергілікті бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде әкімнің өкілеттіктерін іске асыруды қамтамасыз ету;

2) тиісті аумақты дамыту мүдделерімен және қажеттіліктерімен үйлестіре отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етуге жәрдем көрсету.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

1.1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан және өзге де ұйымдардан қажетті құжаттар сұрату және алу;

1.2) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің (бұдан әрі – әкімдік), комиссиялардың, жұмыс топтарының отырыстарына, мемлекеттік органдар өткізетін іс-шараларға қатысу;

1.3) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, Нұр-Сұлтан қаласы аудандары әкімдері аппараттарының қызметкерлерін әкім мен әкімдік қарастыратын құжаттарды дайындауға қатысуға тарту;

1.4) өз жұмысының ерекшелігіне сәйкес шетелдік ұйымдармен тікелей байланыстар орнату, ынтымақтастық туралы екі жақты және көпжақты шарттар жасасу;

2) міндеттері:

2.1) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

2.2) әкімдіктің құрылымдық бөлімшелері көрсететін мемлекеттік қызметтерді ұсыну сапасының сақталуына бақылау жүргізу;

2.3) алыс және жақын шетелдермен, халықаралық ұйымдармен және институттармен екі жақты және көпжақты ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ дипломатиялық өкілдіктер арқылы елорданың беделін арттыру.

15. Функциялары:

1) Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы, ақпараттық дамуы және халықаралық ынтымақтастық, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) дамыту бағыттары бойынша әкімнің қызметін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету және олардың Нұр-Сұлтан қаласының аумағында орналасқан азаматтардың, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің орындауын бақылау;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесімен, Қазақстан Республикасының Үкіметімен, Парламентімен, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихатымен, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерімен, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, қоғамдық ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ету;

4) сыртқы экономикалық қызмет және халықаралық байланыстарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

5) мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру және әкімді тиісті жылға арналған Нұр-Сұлтан қаласын дамыту жоспарлары мен бағдарламалары жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы ақпараттандыру;

6) әкімнің қызметін және әкімдік отырыстарын, қажет болған жағдайда консультативтік-кеңесші органдарын құжаттамалық қамтамасыз ету және қызмет көрсету;

7) бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ретінде әрекет ету;

8) әкімдіктің Регламентіне сәйкес әкімдік қаулыларының, әкім қабылдайтын шешімдер мен өкімдердің, сондай-ақ Аппарат басшысы бұйрықтарының жобаларына қаржы-экономикалық, құқықтық және өзге де аспектілеріне сараптама жүргізу, сараптама нәтижесі бойынша қорытынды (анықтама) дайындау;

9) әкімнің, оның орынбасарларының, Аппарат басшылығының қатысуымен мәжіліс өткізуді ұйымдастыру, мәжіліс материалдарын, хаттамаларын рәсімдеу және тарату;

10) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау;

11) әкімдік қаулыларының, әкімнің және оның орынбасарларының актілері мен тапсырмаларының, әкімдік отырыстары хаттамалық шешімдерінің орындалуын бақылау, әкімді осы мәселелер бойынша ақпараттандыру;

12) жергілікті атқарушы органның норма шығару қызметінің тетіктерін жетілдіру бойынша шаралар қабылдау;

13) әкімнің тапсырмасы бойынша соттарда әкімдіктің және әкімнің мүдделерін білдіру және қорғау, прокурорлық ден қою актілерін қарау;

14) құпия іс жүргізуді, арнайы байланысты ұйымдастыру және жүргізу, хат-хабарларды өңдеу, нормативтік құқықтық актілердің талаптарына құпиялылық режимінің сәйкес келуін, әкімдік ғимаратына кіріп-шығу және объектішілік режимін қамтамасыз ету;

15) мемлекеттік органдардың іс жүргізу талаптарының, оның ішінде құпиялылық режимін қамтамасыз ету және құпия іс қағаздарын жүргізу, сондай-ақ қорғау құралдарын және қорғалған баспа-бланкілік өнімдерін пайдалану жағдайының кешенді, тақырыптық және бақылап тексерілуін сақтау жөніндегі қызметін үйлестіру;

16) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында қызметін жүзеге асыратын әкімдіктің ведомстволық бағынысты ұйымдары мен коммуналдық кәсіпорындарына мониторинг жүргізу;

17) Аппараттың және әкімдіктің номенклатурасына кіретін кадрлар бойынша ұсыныстарды зерделеу мен енгізуді ұйымдастыру, кадрлар резервін қалыптастыру, олардың оқуын, тағылымдамадан және қайта даярлаудан өтуін ұйымдастыру жолымен кадрлық саясатты жүзеге асыру;

18) әкім тағайындаған немесе оның келісімімен тағайындалған кадрлармен жұмыс;

19) Аппараттың теңгеріміндегі материалдық құндылықтардың есебін жүргізу және олардың сақталуын бақылау;

20) АКТ және ақпараттық жүйелерді енгізу, сондай-ақ деректермен алмасудың халықаралық стандарттарын, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың қызметіне АКТ құру, енгізу және пайдалану үдерістерін енгізу;

21) әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерінде "Documentolog" электрондық құжаттайналымы ақпараттық жүйесінің жұмыстарын үйлестіру;

22) бұқаралық ақпарат құралдарында әкімнің және әкімдіктің қызметін жариялауды қамтамасыз ету;

23) мемлекеттік тілде іс жүргізуді кезең-кезеңімен енгізу;

24) Аппаратта және оның құрылымдық бөлімшелерінде іс жүргізуді қалпына келтіру және жетілдіру;

25) мемлекеттік орган қызметінің бағыты бойынша сапасын және оның жұмыс істеу өнімділігін арттыру мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру;

26) мемлекеттік қызмет көрсету сапасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

27) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде құқық қорғау органдарымен өзара байланысты ұйымдастыру;

28) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жедел ахуалды талдау және бағалау;

29) Нұр-Сұлтан қаласының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс ахуалына талдау жүргізу;

30) жұмылдыру кезеңінде, соғыс жағдайында және соғыс уақытында жұмыс істеуге мемлекеттік органдар мен ұйымдарды көшіру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;

- 31) әскери басқарудағы жергілікті органдарға, олардың бейбіт уақыттағы және жұмылдыру жариялау кезіндегі жұмысына көмек көрсету;
- 32) Нұр-Сұлтан қаласында гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыру;
- 33) гендерлік аспектілерді қарау және сақтау;
- 34) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес іс жүргізу және хат-хабарды өңдеу;
- 35) азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;
- 36) азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру;
- 37) әкімдіктің, консультативтік-кеңесші органдардың отырыстарын, жалпы қалалық қоғамдық-саяси іс-шараларды дайындау;
- 38) әкімнің Аппаратқа жүктеген өзге де функциялар.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Аппаратты басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, Аппаратқа жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Аппараттың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Аппараттың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Аппараттың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Аппарат қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік ұйымдарда Аппараттың мүддесін білдіреді;

3) Аппараттың құқықтық актілеріне қол қояды;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Аппарат қызметкерлеріне сыйақы беру, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

5) Аппарат қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аппараттың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Аппараттың бірінші басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Аппараттың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Аппараттың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Аппаратқа бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Аппараттың өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Аппаратты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 сәуірдегі
№ 1-449 қаулысына
2-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданының аумағында мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволық бағынысты ұйымдары жоқ.

3. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады

, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

5. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің (бұдан әрі – аудан әкімі) өкімдерімен және шешімдерімен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Алматы" ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, № 7.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданының аумағын дамыту қажеттіліктерімен және мүдделерімен үйлесетін атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізу бойынша аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету.

15. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

1) Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданының аумағында азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

2) "Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесімен, қаланың өкілетті органы – Нұр-Сұлтан қаласының мәслихатымен (бұдан әрі – мәслихат), қаланың атқарушы органдарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;

3) Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің (бұдан әрі – қала әкімі), аудан әкімінің актілерін және тапсырмаларын орындау, Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданының аумағында орналасқан мекемелер, кәсіпорындар және ұйымдар қызметін жетілдіру бойынша қала әкіміне ұсыныстар енгізу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да міндеттерін орындау.

16. Функциялары:

1) азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарау және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолдану;

2) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдесу;

3) "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімшісі болып табылатын бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу және мәслихаттың бекітуі үшін Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне ұсыну;

4) азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

5) өз құзыреті шегінде кәсіпкерлік қызметтің дамуына жәрдемдесу және жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;

6) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілік және әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері жөніндегі, сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен азаматтық хал актілерін тіркеуді ұйымдастыру;

8) тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

- 9) аз қамтылған адамдарды анықтау, жоғары тұрған органдарға еңбекпен қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныстар енгізу;
 - 10) жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдесу;
 - 11) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау;
 - 12) "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құзыреті шегінде сумен жабдықтау және су пайдалану мәселелерін реттеу;
 - 13) елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
 - 14) туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын тиісті қалпында күтіп-ұстау жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;
 - 15) тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша белгіленген қаражат шегінде Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіндегі тарихи және мәдени мұра ескерткіштерін күтіп-ұстауды жүзеге асыру;
 - 16) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалатын орындарда спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасау;
 - 17) өз құзыреті шегінде жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушы-спортшыларға және спорт төрешілеріне біліктілік санаттарын және спортшыларға спорттық разрядтар беру;
 - 18) аудан аумағында мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз ету;
 - 19) кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізу;
 - 20) әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу;
 - 21) жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен іс-шаралар өткізу;
 - 22) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асыру.
17. Құқықтары мен міндеттері:
- 1) соттарға талапкер және жауапкер ретінде қатысу;
 - 2) мемлекеттік органдардан, сондай-ақ басқа да ұйымдардан "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген функцияларды орындауға қажетті құжаттарды, қорытындыларды, анықтамаларды және басқа да материалдарды сұрату және алу;
 - 3) "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша қала әкіміне ұсыныстар енгізу;
 - 4) "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, әлеуметтік қызметтермен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және ауданның шаруашылық етуші субъектілерімен өзара байланыс жасау;

5) берілген құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген аудан деңгейіндегі мәселелерді шешуді қамтамасыз ету.

3. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

18. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасауға дербес жауапкершілікті аудан әкімі жүзеге асырады.

19. Аудан әкімі Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген тәртіпте қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. Аудан әкімінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Аудан әкімінің өкілеттігі:

1) мемлекеттік органдармен, түрлі меншік нысанындағы ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және азаматтармен азаматтық-құқықтық қарым-қатынасқа түсу құқығы бар;

2) нормативтік-құқықтық сипаттағы шешімдер мен әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке сипаттағы мәселелер бойынша өкімдер шығарады;

3) аудан әкімінің өз құзыреті шегінде қабылдаған актілері барлық тиісті әкімшілік-аумақ бірлігінде міндетті күшке ие;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде гендерлік теңдікті жүзеге асырады.

Аудан әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орынбасарларының біреуі жүзеге асырады.

22. Аудан әкімі өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілейді.

23. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын басшы басқарады.

4. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

24. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі мемлекеттік меншік болып табылады және оған жедел басқару құқығында тиесілі.

"Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне жатады.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Нұр-Сұлтан қаласы "Алматы" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 сәуірдегі
№ 1-449 қаулысына
3-қосымша

"Нур-Султан қаласы "Байқоңыр" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Нур-Султан қаласы "Байқоңыр" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Аппарат) Нур-Султан қаласы "Байқоңыр" ауданының аумағында мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Аппараттың ведомстволары жоқ.

3. Аппарат өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Аппарат мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Аппарат азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Аппарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Аппарат өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Нұр-Сұлтан қаласы "Байқоңыр" ауданы әкімінің (бұдан әрі – аудан әкімі) өкімдерімен және шешімдерімен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Аппараттың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Байқоңыр" ауданы, Е.Брусиловского көшесі, №17/3.

10. Осы Ереже Аппараттың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Аппараттың қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

12. Аппаратқа кәсіпкерлік субъектілерімен өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Аппаратқа заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) "Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесімен, қаланың өкілді органы – Нұр-Сұлтан қаласының мәслихатымен, қаланың атқарушы органдарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

2) Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің, аудан әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындау, Нұр-Сұлтан қаласының әкіміне Нұр-Сұлтан қаласы "Байқоңыр" ауданының аумағында орналасқан мекемелердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да мақсаттарды жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

соттарда талапкер және жауапкер ретінде әрекет ету;

мемлекеттік органдардан, сондай-ақ өзге де ұйымдардан Аппаратқа жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды, қорытындыларды, анықтамалық және өзге де материалдарды сұрату және алу;

Аппараттың құзыретіне жататын мәселелер бойынша Нұр-Сұлтан қаласының әкіміне ұсыныстар енгізу;

Аппараттың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, әлеуметтік қызметтермен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және ауданның шаруашылық субъектілерімен өзара әрекет ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар;

2) міндеттері:

өз құзыреті шегінде аудандық маңызы бар мәселелерді шешуді қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттер;

15. Функциялары:

1) азаматтардың өтініштерін қарау, олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша шаралар қолдану;

2) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдесу;

3) азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

4) жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;

5) өз құзыреті шегінде кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдесу;

6) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілік және әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері жөніндегі, сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен азаматтық хал актілерін тіркеуді ұйымдастыру;

8) тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

9) аз қамтылған адамдарды анықтау, жоғары тұрған органдарға еңбекпен қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныстар енгізу;

10) жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдесу;

11) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

12) құзыреті шегінде сумен жабдықтау және су пайдалану мәселелерін реттеу;

13) әкімшілік-аумақтық тиесілігі бойынша елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

14) туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын тиісті қалпында күтіп-ұстау жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;

15) кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізеді;

16) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалатын орындарда спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасау;

17) әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу;

18) жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен іс-шаралар өткізу;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асыру.

Мақсаттар мен өкілеттіктерді іске асыру мемлекеттік органдар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырылады.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Аппаратты басқаруды аудан әкімі жүзеге асырады, ол Аппаратқа жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Аудан әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Аудан әкімінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымына тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Аудан әкімінің өкілеттіктері:

1) мемлекеттік органдармен, әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және азаматтармен азаматтық-құқықтық қарым-қатынасқа түсу құқығы бар;

2) нормативтік-құқықтық сипаттағы шешімдер және әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке сипаттағы мәселелер бойынша өкімдер шығарады;

3) аудан әкімінің өз құзыреті шегінде қабылдаған актілерінің тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бүкіл аумағында міндетті күші болады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен гендерлік теңдікті іске асыруды жүзеге асырады.

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Аппарат қызметкерлерін лауазымына тағайындайды және лауазымнан босатады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Аппарат қызметкерлерін көтермелеу, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

7) Аппарат қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудан әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Аппараттың аудан әкімі өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындайды.

21. Аппаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын басшы басқарады.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Аппараттың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Аппараттың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Аппаратқа бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Аппараттың өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Аппаратты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 сәуірдегі
№ 1-449 қаулысына
4-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласы "Есіл" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласы "Есіл" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Аппарат) Нұр-Сұлтан қаласы "Есіл" ауданының аумағында мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Аппараттың ведомстволары жоқ.

3. Аппарат өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Аппарат мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген

үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Аппарат азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Аппарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Аппарат өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Нұр-Сұлтан қаласы "Есіл" ауданы әкімінің (бұдан әрі – аудан әкімі) өкімдерімен және шешімдерімен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Аппараттың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, № 33.

10. Осы Ереже Аппараттың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Аппараттың қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

12. Аппаратқа кәсіпкерлік субъектілерімен өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Аппаратқа заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) "Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесімен, қаланың өкілді органы – Нұр-Сұлтан қаласының мәслихатымен, қаланың атқарушы органдарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

2) Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің, аудан әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындау, Нұр-Сұлтан қаласының әкіміне Нұр-Сұлтан қаласы "Есіл" ауданының аумағында орналасқан мекемелердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да мақсаттарды жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

соттарда талапкер және жауапкер ретінде әрекет ету;

мемлекеттік органдардан, сондай-ақ өзге де ұйымдардан Аппаратқа жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды, қорытындыларды, анықтамалық және өзге де материалдарды сұрату және алу;

Аппараттың құзыретіне жататын мәселелер бойынша Нұр-Сұлтан қаласының әкіміне ұсыныстар енгізу;

Аппараттың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, әлеуметтік қызметтермен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және ауданның шаруашылық субъектілерімен өзара әрекет ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар;

2) міндеттері:

өз құзыреті шегінде аудандық маңызы бар мәселелерді шешуді қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттер;

15. Функциялары:

1) азаматтардың өтініштерін қарау, олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша шаралар қолдану;

2) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдесу;

3) азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

4) жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;

5) өз құзыреті шегінде кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдесу;

6) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілік және әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері жөніндегі, сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен азаматтық хал актілерін тіркеуді ұйымдастыру;

8) тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

9) аз қамтылған адамдарды анықтау, жоғары тұрған органдарға еңбекпен қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныстар енгізу;

10) жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдесу;

11) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

12) құзыреті шегінде сумен жабдықтау және су пайдалану мәселелерін реттеу;

13) әкімшілік-аумақтық тиесілігі бойынша елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

- 14) туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын тиісті қалпында күтіп-ұстау жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;
- 15) кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізеді;
- 16) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалатын орындарда спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасау;
- 17) әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу;
- 18) жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен іс-шаралар өткізу;
- 19) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асыру.

Мақсаттар мен өкілеттіктерді іске асыру мемлекеттік органдар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырылады.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Аппаратты басқаруды аудан әкімі жүзеге асырады, ол Аппаратқа жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Аудан әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Аудан әкімінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымына тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Аудан әкімінің өкілеттіктері:

1) мемлекеттік органдармен, әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және азаматтармен азаматтық-құқықтық қарым-қатынасқа түсу құқығы бар;

2) нормативтік-құқықтық сипаттағы шешімдер және әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке сипаттағы мәселелер бойынша өкімдер шығарады;

3) аудан әкімінің өз құзыреті шегінде қабылдаған актілерінің тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бүкіл аумағында міндетті күші болады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен гендерлік теңдікті іске асыруды жүзеге асырады.

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Аппарат қызметкерлерін лауазымына тағайындайды және лауазымнан босатады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Аппарат қызметкерлерін көтермелеу, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

7) Аппарат қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудан әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Аппараттың аудан әкімі өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындайды.

21. Аппаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын басшы басқарады.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Аппараттың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Аппараттың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Аппаратқа бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Аппараттың өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Аппаратты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 сәуірдегі
№ 1-449 қаулысына
5-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласы "Сарыарқа" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласы "Сарыарқа" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Аппарат) Нұр-Сұлтан қаласы "Сарыарқа" ауданының аумағында мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Аппараттың ведомстволары жоқ.

3. Аппарат өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Аппарат мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Аппарат азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Аппарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Аппарат өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Нұр-Сұлтан қаласы "Сарыарқа" ауданы әкімінің (бұдан әрі – аудан әкімі) өкімдерімен және шешімдерімен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Аппараттың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Сарыарқа даңғылы, № 13.

10. Осы Ереже Аппараттың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Аппараттың қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

12. Аппаратқа кәсіпкерлік субъектілерімен өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Аппаратқа заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) "Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесімен, қаланың өкілді органы – Нұр-Сұлтан қаласының мәслихатымен, қаланың атқарушы органдарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

2) Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің, аудан әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындау, Нұр-Сұлтан қаласының әкіміне Нұр-Сұлтан қаласы "Сарыарқа" ауданының аумағында орналасқан мекемелердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да мақсаттарды жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

соттарда талапкер және жауапкер ретінде әрекет ету;

мемлекеттік органдардан, сондай-ақ өзге де ұйымдардан Аппаратқа жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды, қорытындыларды, анықтамалық және өзге де материалдарды сұрату және алу;

Аппараттың құзыретіне жататын мәселелер бойынша Нұр-Сұлтан қаласының әкіміне ұсыныстар енгізу;

Аппараттың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, әлеуметтік қызметтермен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және ауданның шаруашылық субъектілерімен өзара әрекет ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар;

2) міндеттері:

өз құзыреті шегінде аудандық маңызы бар мәселелерді шешуді қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттер;

15. Функциялары:

1) азаматтардың өтініштерін қарау, олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша шаралар қолдану;

2) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдесу;

3) азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

4) жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;

5) өз құзыреті шегінде кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдесу;

6) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілік және әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері жөніндегі, сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен азаматтық хал актілерін тіркеуді ұйымдастыру;

8) тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

9) аз қамтылған адамдарды анықтау, жоғары тұрған органдарға еңбекпен қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныстар енгізу;

10) жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдесу;

11) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

12) құзыреті шегінде сумен жабдықтау және су пайдалану мәселелерін реттеу;

13) әкімшілік-аумақтық тиесілігі бойынша елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

14) туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын тиісті қалпында күтіп-ұстау жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;

15) кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізеді;

16) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалатын орындарда спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасау;

17) әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу;

18) жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен іс-шаралар өткізу;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асыру.

Мақсаттар мен өкілеттіктерді іске асыру мемлекеттік органдар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырылады.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Аппаратты басқаруды аудан әкімі жүзеге асырады, ол Аппаратқа жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Аудан әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Аудан әкімінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымына тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Аудан әкімінің өкілеттіктері:

1) мемлекеттік органдармен, әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және азаматтармен азаматтық-құқықтық қарым-қатынасқа түсу құқығы бар;

2) нормативтік-құқықтық сипаттағы шешімдер және әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке сипаттағы мәселелер бойынша өкімдер шығарады;

3) аудан әкімінің өз құзыреті шегінде қабылдаған актілерінің тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің бүкіл аумағында міндетті күші болады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен гендерлік теңдікті іске асыруды жүзеге асырады.

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Аппарат қызметкерлерін лауазымына тағайындайды және лауазымнан босатады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Аппарат қызметкерлерін көтермелеу, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

7) Аппарат қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудан әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Аппараттың аудан әкімі өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындайды.

21. Аппаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын басшы басқарады.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Аппараттың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Аппараттың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Аппаратқа бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Аппараттың өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Аппаратты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің

2019 жылғы 9 сәуірдегі

№ 1-449 қаулысына

6-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық мүлігін иелену, пайдалану

және билік ету саласында басшылықты жүзеге асыратын, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде ұйымдастыратын және өткізетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған уәкілеттік берілген болса, "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Бейбітшілік көшесі, № 11.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер

және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер жергілікті бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Миссиясы: Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық мүлкін басқару, Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі (бұдан әрі – әкімдік) анықтайтын бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу.

14. Міндеттері:

- 1) Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық мүлкін басқару;
- 2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 3) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларының нормаларын сақтау;
- 4) гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыру;
- 5) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және көтермелеу кезінде гендерлік теңгерім нормаларын сақтау;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де міндеттер.

15. Функциялары:

- 1) Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне бюджет қаражаты есебінен салынған мүлікті қабылдау және оны коммуналдық заңды тұлғаларға бекітуді жүзеге асыру;
- 2) мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне қабылдау-тапсыруды жүзеге асыру;
- 3) жеке тұлғалар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардан сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болуы бойынша рәсімдерді жүргізу;
- 4) жекелеген негіздер бойынша коммуналдық меншікке айналдырылған (келіп түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- 5) әділет органдарында коммуналдық меншік объектілерінің меншік және жедел басқару құқығын тіркеу бойынша жұмыстарды жүзеге асыру;

6) мемлекет бақылайтын мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдар (бұдан әрі – АҚ) мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (бұдан әрі – ЖШС) даму жоспарларының орындалуын бақылау және талдауды жүзеге асыру;

7) мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарға коммуналдық мүлікті есептен шығаруға келісім беру;

8) әкімдіктің шешімі бойынша "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі АҚ акционері және ЖШС қатысушысы, сондай-ақ ведомстволық бағынысты коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың уәкілетті мемлекеттік органы болады;

9) әкімдіктің атынан уәкілдік етуге байланысты АҚ жалпы жиналыстарын басқару органдарына, ЖШС байқау кеңестеріне мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық мүлікті жекешелендіруді жүзеге асыру;

11) Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық мүлкін жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға, кейіннен сатып алу құқығымен (құқығынсыз) мүліктік жалдауға (жалға алуға) және сенімгерлік басқаруға беру;

12) Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық мүлкін Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда өтеусіз пайдалануға беру;

13) әкімдік айқындайтын бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді жүзеге асыру;

14) мемлекеттік сатып алу жоспарларының және оларды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен әкімдікке ведомстволық бағынысты заңды тұлғалардың орындауын мониторингі;

15) жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі аукциондарды өткізу;

16) МЖӘ жергілікті жобалары бойынша МЖӘ шарттарын жасау;

17) МЖӘ шарттарының негізінде құрылған объектілерді коммуналдық меншікке қабылдау;

18) жергілікті МЖӘ жобалары бойынша жасалған МЖӘ шарттарының тізілімін жүргізу;

19) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де функциялар.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) әкімдікке Нұр-Сұлтан қаласының даму мақсаттарын, басымдылықтарын және стратегиясын анықтау жөнінде ұсыныстар енгізу;

2) әкімдік айқындайтын бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу үшін

қажетті ақпаратты, оның ішінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары туралы, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің техникалық ерекшеліктерін, жобалау-сметалық құжаттамасын, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын, тартылған сарапшылар немесе сараптау комиссиясы туралы, сондай-ақ өзге де қосымша ақпаратты сұрату;

3) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен әкімдікке ведомстволық бағынысты кәсіпорындар мен мекемелерден жоспарларды, есептілікті, шарттарды, төлемдер туралы мәліметті, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу бойынша басқа да ақпаратты қоса алғанда, мемлекеттік сатып алу мониторингін өткізу үшін қажетті ақпаратты сұрату;

4) кейіннен мүліктік жалдауға (жалға беруге), кейіннен шығу және берілген объектілердің өлшемін жүзеге асыру құқығымен артық және пайдаланылмайтын Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншік объектілері туралы коммуналдық мүліктің теңгерім ұстаушыларынан ақпаратты сұрату;

5) жергілікті МЖӘ жобалары бойынша жасалған МЖӘ шарттарының тізілімін жүргізу үшін қажетті қосымша мәліметтер мен құжаттарды басқару органдарынан сұрату;

6) коммуналдық мүлік мәселелері жөнінде "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіру және Нұр-Сұлтан қаласының аумағында оның мүліктік құқығын қорғау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотта "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіру;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

17. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

18. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Нұр-Сұлтан қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) өзінің орынбасарлары мен "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі бөлімдері басшыларының міндеттерін айқындайды және жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін лауазымына тағайындайды және лауазымынан босатады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне көтермелеу мәселелерін шешеді және оларға тәртіптік жазалау шараларын қолданады;

4) "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері үшін орындауға міндетті бұйрықтарға қол қояды;

5) "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бөлімдері туралы ережелерді бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі мүддесін ұсынады;

7) "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі жұмысының Регламентін бекітеді;

8) "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау жөніндегі шаралар қабылдайды және оған дербес жауапты болады;

9) "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарға "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бірінші қол қою құқығы бар;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

21. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін белгілейді.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

22. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

25. "Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 сәуірдегі
№ 1-449 қаулысына
7-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Нұр-Сұлтан қаласының аумағында білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан

Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі және мөртаңбалары, белгіленген үлгіде бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы және штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Бейбітшілік көшесі, № 11.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: азаматтардың сапалы білім алуға конституциялық құқығын, білім беру қызметтеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету, қоғамның білімге және мемлекеттің білікті мамандарға қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады.

14. Міндеттері:

1) өңірлік, демографиялық және басқа да ерекшеліктерді ескере отырып, мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейін білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) қоғам дамуының өзгеру жағдайларына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы білім беру жүйесінің тиімді қызмет етуін және оны әлеуметтік-экономикалық қорғауды қамтамасыз ету;

3) білім беру саласындағы мемлекет саясатының қағидаттары негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім беруді дамыту және білім бағдарламаларын игеру үшін жағдай жасау;

4) дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерді, арнайы білім беру ұйымдарын дамыту бойынша бірыңғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету;

5) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, қосымша білім, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында ерекше білімді қажет ететін балаларға жағдай жасау;

6) кәмелетке толмағандар арасында қадағалаусыздық пен панасыздықтың, құқық бұзушылықтың және қоғамға қарсы іс-әрекеттердің алдын алу саласындағы іс-әрекетті үйлестіруді қамтамасыз ету;

7) оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану, бірыңғай білім беру ақпараттық ортасын қалыптастыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу;

8) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балалардың барлық санаттарының құқықтарын іске асыруға байланысты іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтау;

11) гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыру;

12) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жылжыту кезінде гендерлік теңгерім нормаларын сақтау;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді іске асыру.

15. Функциялары:

1) мемлекеттік басқару органдарының және басқа да ұйымдардың қатысуымен халықтың білім алу қажеттілігінің өзгеруін болжауды ұйымдастыру, Нұр-Сұлтан қаласының білім беру жүйесін тиімді дамыту стратегиясын, тұжырымдамасын әзірлеу, өңірлік және нысаналы бағдарламаларды, даму жоспарын жасау мен уәкілетті органға бекітуге ұсыну, өз құзыреттілігі шегінде оларды іске асыру және орындалуын бақылау бойынша шараларды жүзеге асыру;

2) білім беру жүйесінің жай-күйін және жалпы білім беру мен кәсіптік қажеттілігін қанағаттандыру деңгейін талдау, қала халқының барлық әлеуметтік топтарының білім алуға қажеттілігі мен сұранымын қанағаттандыру үшін қажетті жағдай жасау;

3) білім беру ұйымдарында тиімді білім беру қызметін қамтамасыз ету, ведомстволық бағынысты барлық білім беру ұйымдары үшін қамтудың өңірлік бөлігін әзірлеу;

4) білім беру желісіндегі оқушылар мен тәрбиеленушілер контингентінің өзгеру беталысын болжауды қамтамасыз ету, оқушылардың оқу нысанын, үлгісін, бейінін және тілін таңдау мүддесін және халықтың сұранымын барынша қанағаттандыру үшін қалада жаңа үлгідегі білім беру мекемелерін дамыту жөнінде шаралар кешенін белгілеу ;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Нұр-Сұлтан қаласының білім беру саласында шарттар мен келісімдер жасау;

6) "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі құзырындағы коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарға қатысты уәкілетті органның функциясын жүзеге асыру;

7) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді дамытудың мәселелерін шешуді, мамандарды даярлау бойынша мемлекеттік білім тапсырысын орындауды қамтамасыз ету;

8) қаланың білім беру мекемелерінің педагогикалық және басшы кадрлармен қамтамасыз етілуін зерделеу және олардың жаңа мамандарды даярлауға қажеттіліктерін педагогикалық жоғары оқу орындарымен және кадрларды қайта даярлау бойынша өзге де әлеуметтік серіктестермен бірлесіп болжауды жүзеге асыру және қаладағы педагогикалық білім беру жүйесін құру және жетілдіру;

9) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін педагогикалық инженерлік-педагогикалық және басқару кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлауды ұйымдастыру;

10) педагог кадрларды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу, біліктілік санаттарын беруді, растауды, педагог кадрларды аттестаттаудан өткізу ережелерінің сақталуын бақылауы іске асыру;

11) білім беру ұйымдарының қаржылық қамтылуын талдау, білім беру саласы бойынша ұсыныстарды бюджетті жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдарға енгізу;

12) жергілікті бюджет бағдарламаларының әкімшісі функциясын атқару;

- 13) ведомствоға бағынысты білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын дамыту, қаржылық қамтылуын жетілдіру;
- 14) ведомстволық бағынысты мекемелер мен кәсіпорындарда мемлекеттік мүлікті басқару бойынша мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыру;
- 15) мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;
- 16) ведомствоға бағынысты кәсіпорындардың дамыту жоспарлары мен оларды орындау есептерін белгіленген мерзімде қарастыру, келісу және бекіту;
- 17) ведомстволық бағынысты мекемелер мен кәсіпорындардағы мүліктің сақталуына бақылау жүргізу;
- 18) коммуналдық заңды тұлғаға берілген немесе олар меншікті шаруашылық қызметінің нәтижесінде иеленген коммуналдық мүлікті алып қоюға немесе мүлікті қайта бөлуге коммуналдық мүлік бойынша өкілетті органға келісім беру;
- 19) "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басқа мемлекеттік және жергілікті басқару органдарымен, қоғамдастықпен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктермен іс-әрекет саласын кеңейту;
- 20) оқушылар мен тәрбиеленушілердің оқуы, тәрбиесі, өмірі мен денсаулығын қорғауға қатысты қалада жүргізілетін эксперименталдық әдістемелер мен технологиялар үшін ғылыми-әдістемелік және психологиялық-медициналық-педагогикалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру, қаланың мектепке дейінгі, жалпы білім беретін, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына көмек көрсету, психологиялық-медициналық-педагогикалық, әлеуметтік, заң, диагностикалық орталықтар құру. Қалада оқыту мен тәрбиелеудің, кадрлар даярлаудың білім беру және кәсіптік жаңа инновациялық технологияларды енгізу үшін мектептер, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының базасында эксперименттік алаңдар ұйымдастыру;
- 21) жаңадан енгізілгендерді кешенді сараптауды, жаңа оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын, педагогикалық және басқару жаңашылдықтарды эксперименттік сынақтан өткізу, оларды енгізуге ұсыну, кешенді сараптаудан өткізу;
- 22) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жаңа бағдарламалық-әдістемелік қамтуды әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 23) жастардың қажеттіліктерін ескере отырып, оларға техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламасын ұйымдастыруда халықты әлеуметтік қорғау қызметтеріне көмек көрсету;
- 24) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды, жол жүру және медициналық қызмет көрсетуді және мектепке балаларды тасымалдауды ұйымдастыру;

25) қаланың білім және кәсіптік жүйесінің ғимараттармен және орын-жайлармен және де олардың жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдаймен қамтамасыз етілуін талдау;

26) Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің қарауына мемлекеттік білім беру ұйымдарының қажеттілігін ескере отырып, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді сақтау және дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу мен ұсыну;

27) қаланың білім беру ұйымдарының оқулықтармен және оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуін талдау, білім беру ұйымдарының кітапханалық қорын жаңарту үшін оқулықтар, бағдарламалық-әдістемелік құралдарды мемлекеттік сатып алуды және жеткізуді жүзеге асыру;

28) қаланың таңдаулы білім беру қызметкерлерін ынталандыру туралы құжаттар дайындау, мемлекеттік наградалар және құрметті атақтар, сондай-ақ ведомстволық наградалар беру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ұсыныс дайындау;

29) елдің басқа өңірлерімен және шетелдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдар және қорлармен тікелей байланысты орнату, білім алушылармен, педагогикалық және ғылыми қызметкерлермен алмасу халықаралық бағдарламаларына қатысу, адамгершілік-рухани тәрбие мәселелері бойынша бірлескен конференциялар, семинарлар, жиналыстар, тренингтер өткізу, білім беру және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өңірлік бағдарламалар әзірлеу;

30) мемлекеттік органда және ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарында жемқорлыққа қарсы және құқықтық сауаттылық іс-шараларын ұйымдастыру;

31) "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметінің мәселелері бойынша өз құзыреті шегінде шетелдік заңды және жеке тұлғалармен халықаралық іс-тәжірибені зерделеу және ынтымақтастықта болу;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдауды жүргізу, олардың заңды талаптары мен негізделген өтініштерінің орындалуын қамтамасыз ету, білім беру ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктерді жою жөнінде шара қабылдау;

33) балалардың құқықтарын қорғау, сонымен қатар қамқорлық және қорғаншылық, патронат, баланы асырап алу (қызды асырап алу), балалардың құқығын және заңды мүдделерін қорғау, олардың әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету, өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды сақтау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын және халықаралық шарттарды іске асыруда бақылау мен мониторингті жүзеге асыру;

34) білім беру саласында мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету;

- 35) балалардың мүддесі мен құқықтарын көрсететін балалардың әлеуметтік маңызды бастамалары мен жобаларын ынталандыру және қолдау;
- 36) балаларға қатысты әлеуметтік жетімдіктің, зорлық-зомбылықтың және қатыгез қараудың, балалар еңбегінің ең нашар түрінің алдын алу бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;
- 37) кәмелетке толмағандар арасында қадағалаусыздық, панасыздық, құқық бұзушылықтың және басқа процестердің пайда болуына себеп болатын жағдайларды анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, "қатер" тобына жататын тұрмысы нашар отбасыларымен, балалармен жұмыс жүргізу;
- 38) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қаулыларын орындау;
- 39) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелермен өзара іс-қимылды жүзеге асыру, олардың қызметіне тәжірибелік көмек көрсету мақсатында қайырымдылық акцияларын өткізу;
- 40) білім беру ұйымдарының және мамандандырылған, интернат мекемелерінің қызметін үйлестіру және бақылау;
- 41) қиын өмір жағдайына тап болған балаларды табу және алғашқы есепке қою, балалардың өмір сүру сапасын жақсарту және олардың заңды құқығын іске асыру үшін оларға көмек көрсету және жағдай жасауға ықпал ету;
- 42) Бала құқығы туралы конвенция ережелерін, адамгершілік-рухани тәрбие бағдарламаларының іске асырылуына мониторингі жасау, балалардың әлеуметтік әл-ауқаты мен рухани өсуіне талдау және болжау жүргізу, Нұр-Сұлтан қаласындағы балалардың өмірін жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу. Бала құқығы және оны іске асыру жолдары туралы халықты ақпараттандыру деңгейін арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау, жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру;
- 43) Нұр-Сұлтан қаласындағы балалардың жағдайы туралы зерттеу жүргізуді ұйымдастыру, жылсайынғы есеп дайындау;
- 44) балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз ету;
- 45) "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мәселелеріне қатысты жергілікті атқарушы органның нормативтік-құқықтық, сондай-ақ құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу (білім беру ұйымдарын құру, қайта атау, қайта ұйымдастыру, тарату және басқалар);
- 46) білім беру саласындағы қызметтің соңғы нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік органдармен және өзге де заңды тұлғалармен меморандумдар, келісімдер мен өзге де актілерді жасау және іске асыру;
- 47) жергілікті атқарушы органға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін басқа да өкілеттікті жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру.

48) негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруін және қамтамасыз етілуін ұйымдастырады және олардың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

49) білім беру мониторингін жүзеге асырады;

50) білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестерге көмек көрсету;

51) білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің әдістемелік басшылығын қамтамасыз ету;

52) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру;

53) білім беру саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру;

54) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын әзірлеу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша жекешелік әріптестікті айқындау жөніндегі конкурстарды өткізуді ұйымдастыру және конкурс қорытындысы бойынша шарттар жасасу.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) жоғары тұрған органдарға белгіленген тәртіппен қаланың білім беруді дамыту мәселелері бойынша жобалар әзірлеу және енгізу;

2) білім беру саласына қатысты мемлекеттік органдар және басқа да ұйымдар әзірлеген жобалар мен бағдарламаларға әлеуметтік-педагогикалық сараптама жүргізу;

3) білім берудің базалық бөлігін, оқу жоспарларын, бағдарламалар мен өзге де оқу-әдістемелік құжаттардың мазмұнын нақтылау, өзгерістер мен толықтырулар (келісім бойынша) енгізу;

4) мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдар мен лауазымды тұлғалардан өз құзыретіндегі мәселелер бойынша ақпарат сұрату және алу;

5) "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін барлық құзырлы мемлекеттік, әкімшілік органдарында, сондай-ақ сотта және құқық қорғау органдарында ұсыну;

6) қала аумағында Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына қайшы келетін жергілікті атқарушы органдар шешімдерінің, қаланың мекемелері мен қызметтерінің нормативтік және әдістемелік құжаттарының күшін жоюын ұсыну;

7) қаланың білім беру саласын дамытуды ғылыми және ақпараттық қамтуды әзірлеу және іске асыру үшін шарттық және келісім-шарттық негізде ғылыми-зерттеу ұжымдарын, ұйымдарды, орталықтарды, жеке ғалымдар мен басқа да тұлғаларды (келісім бойынша) тарту;

- 8) педагог қызметкерлерге біліктілік санаттарын беру және растау;
- 9) мемлекеттік білім беру мекемелерінің құрылымы мен шекті штаттық санын бекіту.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

17. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

18. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) өзінің орынбасарлары мен "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бөлімдері басшыларының міндеттерін анықтайды және жауапкершілік деңгейін белгілейді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында білгіленген тәртіппен "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін көтермелеу мәселелерін шешеді және оларға тәртіптік жазалау шараларын қолданады;

4) өз құзыреті шегінде "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлері мен "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулықтар шығарады;

5) "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бөлімдері туралы ережені бекітеді;

6) "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындайды және жұмыстан босатады, мадақтайды және тәртіптік жаза қолданады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек тәртібін қолдау жөнінде басқа да ықпал ету шараларын қолданады;

7) "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдайды және оған дербес жауап береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарда "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

9) өз құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

"Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес орынбасарларының өкілеттіктерін белгілейді.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

22. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жедел басқарудағы мүлікті иеленуді, пайдалануды және оған билік етуді жүзеге асыруға;

АЭА аумағындағы мемлекеттік уәкілетті органдар мен шаруашылық жүргізуші субъектілерден, лауазымды тұлғалардан, ұйымдар мен олардың басшыларынан, азаматтардан Басқармаға жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты, мәліметтерді, анықтамаларды, құжаттарды белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомствоаралық кеңестер шақыруға;

мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың мамандарын, сондай-ақ отандық және шетелдік сарапшылар мен мамандарды жұмысқа тартуға;

жұмысқа мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың мамандарын, сондай-ақ отандық және шетелдік сарапшылар мен мамандарды тарта отырып, Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жұмыс топтарын және комиссиялар құруға;

жергілікті атқарушы биліктің басқа да мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

ведомстволық бағынысты коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен кеңестер шақыруға.

15. Функциялар:

1) әлеуетті инвесторларды іздестіруді жүзеге асыру және олармен келіссөздер жүргізу, оның ішінде оларды индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыруға қатысуға тарту мақсатында келіссөздер жүргізу;

2) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін инвестициялық тақырып бойынша бизнес-форумдарға, конференцияларға және семинарларға қатысуға тарту;

3) Нұр-Сұлтан қаласына инвестициялар тарту;

4) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарын хабардар ете отырып, бизнес-көшіп келушілердің уақытша тұруға арналған рұқсаттарының қолданылу мерзімін ұзартуға немесе қысқартуға өтінішхат беру;

5) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және үйлестіруді жүзеге асыру;

6) туристік қызметтер көрсету нарығын талдау және уәкілетті органға Нұр-Сұлтан қаласының аумағында туризмді дамыту туралы қажетті мәліметтерді ұсыну;

7) Нұр-Сұлтан қаласының туристік ресурстарын қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және енгізу;

- 8) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында туристік саланың қызметін үйлестіру;
- 9) әкімдік өткізетін мәдени, спорттық, медициналық, білім беру және өзге де іс-шараларды олардың туристік ағынды ұлғайтуға ықпалы бөлігінде келісу;
- 10) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы бойынша туроператорлық қызметті лицензиялауды жүзеге асыру;
- 11) гидтерді (гид-аудармашыларды) кәсіптік даярлауды ұйымдастыру;
- 12) Нұр-Сұлтан қаласындағы туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін жүргізу;
- 13) өз құзыреті шегінде тұжырымдаманы, конкурстық құжаттаманы және жергілікті МЖӘ жобасы шартының жобасын әзірлеу;
- 14) өз құзыреті шегінде жергілікті МЖӘ жобаларына қатысты конкурсты не тікелей келіссөздерді ұйымдастырушының сөз сөйлеуі;
- 15) өз құзыреті шегінде жергілікті МЖӘ жобалары бойынша МЖӘ шарттарын жасасу;
- 16) өз құзыреті шегінде МЖӘ шарттарының және жергілікті МЖӘ жобаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу;
- 17) Нұр-Сұлтан қаласының шағын және орта кәсіпкерлігі мен өнеркәсіпті дамыту және қолдау бойынша мониторинг жүргізу;
- 18) кәсіпкерлікті қорғау мен дамытудың әкімшілік-құқықтық нормаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 19) шағын және орта бизнестің басым салаларындағы жобаларды қаржыландыру және кредиттеу мәселелері бойынша екінші деңгейдегі банктермен және қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;
- 20) кәсіпкерлік субъектілеріне өз құзыреті шегінде әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;
- 21) бәсекелес ортаны қалыптастыру;
- 22) мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың, жүйе құраушы кәсіпорындардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесін дамыту;
- 23) азық-түлік тауарларын өткізушілердің бәсекелестік ортасын кеңейту (жәрменкелер, коммуналдық сауда объектілерінің санын ұлғайту);
- 24) сауда инфрақұрылымын дамыту;
- 25) заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі жөніндегі қызметтің басталғандығы немесе тоқтатылғандығы туралы хабарламаларды қабылдау;
- 26) Нұр-Сұлтан қаласын үдемелі индустриялық дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің жұмыс органының функцияларын жүзеге асыру;
- 27) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің жұмыс органының функцияларын жүзеге асыру;

- 28) Нұр-Сұлтан қаласында азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссияның жұмыс органының функцияларын жүзеге асыру;
- 29) ауыл шаруашылығы өндірушілерінің тұтыну нарығына қол жеткізуі үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- 30) агроөнеркәсіптік кешен азық-түлігінің, өнімдерінің бағалары мен нарықтарының жай-күйіне мониторинг жүргізу;
- 31) ішкі және сыртқы азық-түлік нарықтарындағы ахуалды зерделеу және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің тиісті ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- 32) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану үшін мамандандырылған ұйымдардан көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру;
- 33) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру мақсатында сауда объектілерімен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;
- 34) мемлекеттік тұқым ресурстарының сандық-сапалық жай-күйіне бақылауды жүзеге асыру;
- 35) "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-1-бабының 12) тармақшасына сәйкес айқындалатын квоталар шегінде субсидиялауға жататын тұқымдарды өткізудің шекті бағасын белгілеу жатады;
- 36) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 37) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесі мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 38) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру;
- 39) субсидиялауға жататын тұқымдардың әрбір түрі бойынша жыл сайынғы квоталарды айқындау: тұқым шаруашылығы саласындағы әрбір аттестатталған субъект үшін – бірегей тұқымдар бойынша; Нұр- Сұлтан қаласы үшін элиталық - тұқымдар бойынша;
- 40) өз құзыреті шегінде мемлекеттік және жергілікті бағдарламалар шеңберінде кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету;
- 41) мемлекеттік органдармен және барлық меншік нысанындағы ұйымдармен, оның ішінде өз құзыреті шегінде шетелдік ұйымдармен меморандумдар (келісімдер) әзірлеу және жасасу;
- 42) өз құзыреті шегінде атқарушы биліктің мемлекеттік органдарымен және ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;
- 43) Басқарманың құзыретіне қатысты мәселелер бойынша келіп түсетін құжаттарды қарау және олар бойынша тиісті ақпарат пен талдамалық материалдар дайындау;
- 44) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;

45) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде өз құзыреті шегінде мемлекеттік қолдау көрсету;

46) Қазақстан Республикасының жүзеге асырылатын қызмет саласындағы заңнамасын қолдану практикасын талдау және қорыту, оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, жобаларды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді дайындауға қатысу, оларды Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің қарауына енгізу;

47) өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

48) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқармаға жүктелген өзге де функцияларды, құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3 тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

16. Басқарма басшысы Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) өзінің орынбасарлары мен Басқарма бөлімдері басшыларының міндеттерін айқындайды және жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

2) басқарма қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

3) Басқарма қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) Басқарма қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады;

5) Басқармада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді.

Басқарма басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Басқарманың бірінші басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгілейді.

4 тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Басқарманың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырады.

22. Басқаруға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Басқарманың өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5 тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 сәуірдегі
№ 1-449 қаулысына
10-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жолаушылар көлігі, автомобиль жолдарын салу және жөндеу, жол инфрақұрылымы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесіне егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Бейбітшілік көшесі, № 11.

10. Мемлекеттік органның толық атауы — "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекеме қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

13. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен оның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Миссиясы: жолаушылар тасымалын, көлік инфрақұрылымын дамыту және реттеу және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

15. Міндеттері:

1) автомобиль және басқа көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) жол қызметінің және қалалық көлік пен байланыстың барлық түрлерінің тиімді жұмыс істеуі саласындағы қызметті үйлестіру;

3) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) Нұр-Сұлтан қаласында автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес ұйымдастыру;

5) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

16. Функциялары:

1) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық қалааралық, қалалық және қала маңындағы тасымалдауды ұйымдастыру, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізу;

2) жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық және қала маңындағы тасымалдаулар маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту;

3) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық қалааралық автомобильмен тасымалдаулар маршруттарын және жүру кестелерін келісу;

4) жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауларды ұйымдастыру;

5) автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің тізілімін жүргізу;

6) жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобильмен тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізу;

7) жолаушылар көлігін дамытудың кешенді тәсімін және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын әзірлеу;

8) жолаушыларды қалалық және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар тасымалдауларды жүзеге асыру кезіндегі тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялауды жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялауды жүзеге асыру;

10) халықаралық және республикаішілік қатынастарда қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізу;

11) әуежайларда, вокзалдарда, сауда үйлері мен базарларда, театрларда, цирктерде, кинотеатрларда, мәдени-демалыс ұйымдарында (мәдениет және демалыс саябақтарда), сондай-ақ алаңдарда, даңғылдарда, көшелерде, орамдарда такси тұрақтарын ұйымдастыруды және жабдықтауды қамтамасыз ету;

12) қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуін жүзеге асыру;

- 13) мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша транзиттік автомобиль көлігі қозғалысының тәсімі мен тәртібін айқындау;
- 14) астананың қоғамдық көлігінде қолданылатын тарифтік саясатты әзірлеу;
- 15) Нұр-Сұлтан қаласының көліктік инфрақұрылымы объектілерін басқаруға беру қағидаларын әзірлеу;
- 16) Нұр-Сұлтан қаласының көліктік инфрақұрылымы объектілерін басқаруға беру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;
- 17) Нұр-Сұлтан қаласының жол жүрісін басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу және пайдалану қағидаларын әзірлеу;
- 18) Нұр-Сұлтан қаласының көліктік инфрақұрылымын басқару және пайдалану қағидаларын әзірлеу;
- 19) Нұр-Сұлтан қаласының кәбілдік кәрізді және инженерлік инфрақұрылымды пайдалану қағидаларын әзірлеу;
- 20) жолдарда жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;
- 21) қала құрылысы құжаттамасында аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру бөлімінің болуын қамтамасыз ету;
- 22) зияткерлік көлік жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге маманданушы ұйымды құру;
- 23) жол-көлік оқиғаларынан болған ысыраптың және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған бюджет шығындарының, сондай-ақ жолдардағы авариялық деңгейін азайту үшін қолданылатын шаралар тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру;
- 24) мыналар:
 - 1) қоғамдық көлікті дамытуды және жол жүрісін ұйымдастыруды ескере отырып, елді мекендердің бас жоспарының іс-шараларын әзірлеу және орындау;
 - 2) қаланың жекелеген аумақтарына көлік құралдарының кіруіне әртүрлі шектеулер енгізу арқылы жол жүрісін ұйымдастырудың арнайы аймақтарын белгілеу;
 - 3) жол жүрісін ақпараттық қамтамасыз ету арқылы көліктік жүктемені азайту жөнінде шаралар қолдану;
- 25) жолдарда жол жүрісін қалпына келтіру үшін жол-көлік оқиғаларының зардаптарын жою;
- 26) қала маңындағы теміржол жолаушылар қатынасын ұйымдастыру туралы шешімдерді тасымалдаушы қабылдайтын жағдайларды қоспағанда, осындай шешім қабылдау;
- 27) төтенше жағдайлар туындаған кезде теміржол тасымалын уақытша тоқтату туралы шешімдер қабылдау;
- 28) әлеуметтік маңызы бар қала маңындағы жолаушылар қатынастары (маршруттар) бойынша теміржол көлігімен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының залалдарын субсидиялау;

- 29) қала маңындағы қатынастарды айқындау;
- 30) шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды есепке алу;
- 31) шағын көлемді өздігінен жүзетін кемелерді басқару құқығына куәліктер беру;
- 32) "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің және әкімінің нормативтік-құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу;
- 33) Қазақстан Республикасының Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру;
- 34) Нұр-Сұлтан қаласының көшелері мен автомобиль жолдарының желісін басқару;
- 35) Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіндегі жолдарды және жол кәсіпорындарын басқару;
- 36) жол-көлік инфрақұрылымы объектілерін жобалау, салу және пайдалануға беру мерзіміне бақылау жасауды жүзеге асыру;
- 37) Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер беру;
- 38) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметімен аралас мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдар әзірлеген Қазақстан Республикасының заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілердің жобалары жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 2) Нұр-Сұлтан қаласының атқарушы органдары дайындайтын нормативтік құқықтық актілер жобаларын келісуді жүзеге асыру;
- 3) мемлекеттік органдардан және ұйымдардан құзыреті шегінде ақпарат сұрату;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жедел басқарудағы мүлікке ие болу, пайдалану және билік етуді жүзеге асыру;
- 5) құзыреті шегінде құқықтық актілерді қабылдау;
- 6) автомобиль жолдарын, көпірлер мен жолөткелдерді, жүру жолдарын, тротуарларды, алаңдарды, жасанды орын-жайларды және Нұр-Сұлтан қаласы жол инфрақұрылымының өзге де объектілерін салу және реконструкциялау келешегін анықтау;
- 7) Нұр-Сұлтан қаласының жол инфрақұрылымы объектілерін салуға, реконструкциялауға және жөндеуге арналған құжаттаманы әзірлеуді қамтамасыз ету;
- 8) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген өзге өкілеттіктерді жүзеге асыру;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орнатылған жолаушыларды отырғызу мен түсіру пункттерін безендіруді және күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;

10) автобустар мен шағын автобустар қозғалысының белгіленген кестесінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

11) авиациялық оқиғаны тергеу жөніндегі комиссияға жан-жақты жәрдем көрсету;

12) әуе кемесін іздестіруді және құтқаруды жүргізуде кез келген мүмкін болатын көмек көрсету және іздестіру-құтқару органдары келгенге дейін адамдарды құтқару, оларға медициналық және басқа да көмек көрсету, сондай-ақ әуе кемесін және оның бортындағы құжаттаманы, жабдықтар мен мүлікті күзету жөнінде қажетті шараларды қолдану;

13) әуе кемелерінің апатқа ұшырауы жөнінде өздеріне белгілі болған барлық жағдайлар туралы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға немесе жақын маңдағы әуеайлаққа дереу хабарлау;

14) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;

15) меншік нысанына қарамастан, заңды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті құзыреті шегінде құқықтық актілерді қабылдау;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

18. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Нұр-Сұлтан қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасарлары болады.

21. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттілігі:

1) өзінің орынбасарлары мен "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттерін анықтайды және жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

2) "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін лауазымына тағайындайды және лауазымынан босатады;

3) "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

5) өз құзыреті шегінде "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері үшін орындауға міндетті құқықтық актілер шығарады;

6) "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

7) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді.

Басшы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

"Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгілейді.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

22. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне жатады.

24. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

25. "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі қарамағындағы кәсіпорындар:

- 1) "Автобусный парк №1" акционерлық қоғамы;
- 2) "Астана LRT" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 3) "LRT құрылысы жөніндегі дирекция" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 сәуірдегі
№ 1-449 қаулысына
11-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық ортаны регенерациялау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық ортаны регенерациялау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) экологиялық құрылыс технологияларын дамыту, құрылысқа инвестициялар тарту, Нұр-Сұлтан қаласының инфрақұрылымын регенерациялау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарманың егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Басқарманың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Сарыарқа даңғылы, № 13.

10. Басқарманың толық атауы: "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық ортаны регенерациялау басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарманың қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады. Егер Басқармаға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Басқарманың миссиясы: қалалық ортаның сапасын арттыратын объектілерді құру мен аумақты регенерациялаудың озық стандарттарын енгізу.

15. Міндеттері:

1) құрылыс технологияларын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру ;

2) бюджеттік шығындардың тиімділігін арттыру мақсатында жобалардың өмірлік цикліндегі барлық кезеңдерде басқарудың заманауи әдістерін енгізу;

3) мемлекеттік сатып алудың ашықтығын және тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын ұстану;

5) гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыру, қызметкерлерді жұмысқа қабылдауда және жылжытуда гендерлік теңгерімнің нормаларын сақтау.

16. Функциялар:

1) тәуекелдерді (саяси, экономикалық) модельдеуді және талдауды негізге ала отырып, қалалық жобаларды бастамашылық ету;

2) ұзақ мерзімді инвестициялар жоспарын дайындауға және іске асыруға қатысу;

3) бюджеттік инвестициялық жобалардың жоба алды сатысында әзірлеуге қатысу;

4) Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіндегі жаңа және қолданыстағы объектілерді салу, технологиялық және инженерлік жабдықтарды монтаждау (демонтаждау);

- 5) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің коммуналдық мүлігін және ведомстволық бағынысты ұйымдардың мүлігін пайдалану және қызмет көрсету;
- 6) инвестициялық жобаларды дамыту жөніндегі бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің функцияларын орындау;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте мердігерлік жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүргізу;
- 8) Басқарманың қызметіне қатысты келісімшарттар жасасу;
- 9) жасалған шарттарға сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды қаржыландыру;
- 10) мердігерлік ұйымдардың келісімшарт міндеттерін орындауды қамтамасыз ету және бақылау;
- 11) салынған объектілерді пайдалануға беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 12) қайтарымды негізде бөлінген қаражатты есепке алуды және қайтаруды қамтамасыз ету;
- 13) мемлекеттік мұқтажы үшін бюджет және/немесе басқа қаражат есебінен қаржыландырылатын коммуналдық және/немесе басқа меншіктегі объектілерді салу және реконструкциялау мақсатында ескі және/немесе тиімсіз жылжымайтын мүлік объектілерін бұзу арқылы жер учаскелерін босату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру ;
- 14) тыныс-тіршілік, тіршілікті қамтамасыз ету және қауіпсіздік мәселелері бойынша халықтың мемлекеттік органдармен, коммуналдық кәсіпорындармен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыру, оның ішінде өтініштерді қабылдау және өңдеу;
- 15) құқық бұзушылықтарды анықтау және өңдеу, жедел және шұғыл қызметтермен өзара іс-қимыл жасау;
- 16) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында орталықтандырылған бейнебақылау жүйесін, сымсыз деректер жіберу желісін ұйымдастыру және жедел және шұғыл қызметтермен өзара іс-қимыл жасау;
- 17) жаңа әлеуметтік объектілер құрылысымен байланысты абаттандыру объектілерін салуды немесе қайта жаңартуды ұйымдастыру;
- 18) ортақ пайдаланылатын жерлерде көпжылдық екпелер бар көгалдандыру объектілерін салу, қайта жаңарту және абаттандыру бойынша тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру;
- 19) абаттандыру объектілері мен жасыл көпжылдық екпелерді күтіп-ұстау, қорғау;
- 20) объектілерді пайдалануға берген күннен бастап, Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне және/немесе түпкі пайдаланушыға берген сәтке дейін күтіп-ұстау;
- 21) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына мемлекеттік серіктес ретінде қатысу;

19) инновациялық технологияларды енгізу және энергияны үнемдеу жөніндегі жұмысты үйлестіру және ұйымдастыру;

23)) Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншік объектілерін жобалау, салу және пайдалануға енгізу мерзімдеріне бақылау жүргізу;

24) ақшалай өтемақы төлеу мүмкіндігімен жаңа әлеуметтік объектілер мен инфрақұрылым объектілерін көтеру үшін жер учаскелерін алып қою немесе босату (жылжымайтын мүлік объектілерін бұзумен) бойынша тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру;

25) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жаңа әлеуметтік нысандардың салынуымен байланысты жаңа инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым (электрмен, жылумен жабдықтау, сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтау және су бұру, нөсерлік кәріз, газ құбырлары, автомобиль жолдары, көгалдандыру және абаттандыру және басқалары) объектілерін салу бойынша тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру;

26) жаңа әлеуметтік объектілер салу, оларды қайта жаңарту және күрделі жөндеу бойынша тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру;

27) Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік мұқтаждықтары үшін жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу бойынша тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру;

28) автомобиль жолдарын, көпірлер мен өтпелерді, кірме жолдарды, жаяу жолдарды, алаңдарды, жасанды құрылымдарды және жол инфрақұрылымының басқа да тұрғызылатын және/немесе жаңадан салынатын объектілерін салу, қайта жаңарту, жөндеу және күтіп-ұстау бойынша тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру;

29) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты ұйымдары үшін құны аз тауар-материалдық құндылықтарды, көлік, техникалық, технологиялық қызметтерді, Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігі мен ведомстволық бағынысты ұйымдардағы ғимараттарды пайдалану бойынша табиғи монополиялар қызметтерін орталықтандырылған сатып алу есебінен мемлекеттік сатып алуды жүргізуді оңтайландыру және рәсімдерін оңайлату бойынша жұмысты ұйымдастыру;

30) жобалауды, салуды және пайдалануға енгізуді ұйымдастыру, жоспарлау, үйлестіру, бақылау және белгіленген бюджет пен мерзім шеңберінде инвестициялық жоба мақсаттарына жету үшін жобаларды басқару үшін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;

31) өз бетімен немесе бөтен мамандарды тарта отырып, объектілерді жобалау тапсырмасын жасау;

32) Басқармаға бағынысты ведомстволық кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқару органы функцияларын жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) кәсіпорындардан, ұйымдардан және мекемелерден Басқармаға жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті мәліметтер, анықтамалар, құжаттар сұрату және алу;

2) құрылыс, абаттандыру саласындағы нормаларды, қағидаларды, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған лауазымды, заңды және жеке тұлғаларды жауапкершілікке тарту үшін тиісті мемлекеттік органдарға жүгіну;

3) Нұр-Сұлтан қаласының соттарында талапкер, жауапкер, үшінші тұлға және мүдделі тұлға ретінде Басқарманың мүддесін білдіру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарға ие және міндетті болу.

3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

18. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. Басқарма басшысын Нұр-Сұлтан қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Басқарма басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарма басшысының өкілеттігі:

1) өзінің орынбасарлары мен Басқарманың құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттерін және жауапкершілік деңгейін белгілейді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарма қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Басқарма қызметкерлерін көтермелеу және марапаттау мәселелерін шешеді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

4) Басқарманың қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтарға қол қояды;

5) Басқарманың бөлімдері туралы ережелерді бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) Басқарманың жұмыс регламентін бекітеді;

8) Басқармада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар қабылдайды және осыған дербес жауапты болады;

9) Басқарманың қызметін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарда Басқарма басшысының бірінші қол құқығына ие;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

22. Басқарма басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

23. Басқарма басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгілейді.

4. Басқарманың мүлкі

24. Басқарманың Қазақстан Республикасының заңнамасында көздеген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

27. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқармаға бағынысты кәсіпорындар тізбесі:

"Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 сәуірдегі
№ 1-449 қаулысына
12-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік бақылауды және тұрғын үй қорын басқару саласында оған берілген өкілеттіктер шегінде лицензиардың функцияларын, еңбек, жерді пайдалану және қорғау, ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік басқару функцияларының

орындалуын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Еңбек, Жер, Кәсіпкерлік кодекстеріне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы", "Рұқсаттар және хабарламалар туралы", "Тұрғын үй қатынастары туралы", "Газ және газбен жабдықтау туралы", "Электр энергетикасы туралы", "Азаматтық қорғау туралы", "Ветеринария туралы", "Өсімдіктерді қорғау туралы", "Өсімдіктер карантині туралы" заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, Достық көшесі, № 13.

9. Мемлекеттік мекеменің толық атауы – "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

12. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осы қызметтен алынған табыс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

1) ведомстволық бағынысты аумақта, сондай-ақ тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асырған кезде азаматтардың заңды құқықтарының бұзылуының алдын алу;

2) Нұр-Сұлтан қаласы жерлерінің пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды барынша тиімді жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау бойынша мемлекеттік саясатты дамыту және жетілдіру;

3) тұрғын үй қорын басқару саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, газбен қамту, газды тұтыну жүйелері саласында, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінде қазандық қондырғыларын жабдықтауда, коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объектілерде (тұрғын үй қорындағы) жинақталған көтеруші құрылғыларды (лифттер, эскалаторлар, фуникулерлер) қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын қадағалау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

5) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында ауыл шаруашылығы, ветеринариялық бақылау және қадағалау саласындағы мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес агроөнеркәсіптік кешен және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

14. Міндеттер:

1) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында салынып жатқан объектілерге мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

2) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында лицензиялауды, аттестаттауды және аккредиттеуді жүзеге асыру;

3) Нұр-Сұлтан қаласының жер ресурстарын тиімді әрі ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

4) жұмыстардың учаскелерін тексеру, қалалық аумақты ашу бойынша бұзылған абаттандырудың қалпына келтірілуін бақылауды жүзеге асыру;

5) тұрғын үй қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

6) гендерлік отбасылық-демографиялық саясатты іске асыру;

7) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жоғарылату кезінде гендерлік теңгерім нормаларын сақтау;

8) еңбек, ветеринария, өсімдіктерді қорғау, тұқым өсіру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

9) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекция;

10) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтау.

15. Функциялар:

1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, сондай-ақ тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара әрекет ету;

2) салынып жатқан объектілерде олардың салыну сапасына, Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы мемлекеттік, сондай-ақ мемлекетаралық нормативтердің сақталуына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауды жүзеге асыру;

3) жеке және заңды тұлғалардың жобалау-іздістіру, сараптамалық, құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

4) объектілерде құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасын қамтамасыз ету бойынша тапсырыс берушілердің техникалық қадағалау, авторлық қадағалау, жобаларды әзірлеушілердің және мердігерлердің (бас мердігерлердің) қадағалау қызметіне бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

5) құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуы туралы хабарламада көрсетілген деректердің дұрыстығын белгілеу бойынша тексеріс жүргізу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді және сәулет-құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтік талаптарды бұзушыларға тиісті шаралар қолдану;

7) құрылыс-монтаждау жұмыстарының бастағандығы, қол қойылған келіспеушілік актілерге, хабарламаларды қабылдау туралы, берілген талондар туралы келіп түскен хабарламаларға талдау және есеп жүргізу;

8) салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілердің сапасын бақылау;

9) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лицензиар функцияларын жүзеге асыру;

10) лицензия және лицензияға қосымша берген кезде өтініш берушінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау;

11) лицензиялық бақылауды жүзеге асыру, оның ішінде тексерудің нәтижесі бойынша лицензиялау нормаларын бұзушыларға тиісті шаралар қолдану;

12) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарды және инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына сарапшыларды аттестаттау жөніндегі функцияларды жүзеге асыру;

13) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптамалық жұмыстарды және инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шараларын жүргізу;

14) жүргізілген тексерістердің нәтижесі бойынша әкімшілік жазалауды қолдану туралы қаулы шығару;

15) мыналарға:

мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасын, жер учаскелерін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланудың белгіленген режимін сақтауына;

жер учаскелерін өз бетінше иеленіп алуға жол бермеуге;

жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарының сақталуына;

жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың топырақтың құнарлылығын қайта қалпына келтіру және сақтау жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, орман мелиорациялық және эрозияға қарсы гидротехникалық іс-шаралар кешенін уақтылы және дұрыс жүргізуіне;

жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылардың жердің бар-жоғы, олардың жай-күйі мен пайдаланылуы туралы мәліметтерді мемлекеттік органдарға уақтылы беруіне;

жердің жай-күйіне әсер ететін тұрғын үй және өндірістік объектілердің жобалануына, орналастырылуына және салынуына;

жерді жақсарту жөніндегі, топырақ эрозиясының, сортаңдану, батпақтану, су басу, шөлейттену, құрғақтану, тығыздалу, қоқыстану, ластану және жердің тозуын туғызатын басқа да үдерістердің салдарын болғызбау және жою жөніндегі іс-шаралардың уақтылы және сапалы орындалуына;

межелік белгілердің сақталуына;

жергілікті атқарушы орган уақытша жер пайдалануға берген жерлердің уақтылы қайтарылуына;

бүлінген жердің қалпына келтірілуіне;

жердің бүлінуімен байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алуға, сақталуға және пайдалануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын немесе пайдаланылмайтын жерлерді анықтау және мемлекет меншігіне қайтару;

17) егер құрылыс, пайдалы қазбалардың орындарын қазу, объектілерді пайдалану, геологиялық барлау және басқа да жұмыстар Қазақстан Республикасының жер заңнамасын, жерді пайдаланудың белгіленген тәртібін бұза отырып жүзеге асырылған болса, сондай-ақ егер жұмыстар сараптамадан өтпеген немесе теріс қорытынды берілген жобалар бойынша жүргізілген жағдайда, оларды тоқтату;

18) Қазақстан Республикасы жер заңнамасының сақталуына бақылауды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтарын анықтау мен жою және жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау саласында мемлекеттің мүддесін қорғау;

19) Нұр-Сұлтан қаласының шегінде сыртқы (көрнекі) жарнаманың мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын бақылау;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған тауарлардың (жұмыстар мен қызметтердің) жарнамасын жасау, тарату, орналастыру және пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын бақылау;

21) әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулының орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

22) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласында бақылауды жүзеге асыру;

23) құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлеміне, мерзіміне және сапасына сәйкестігі үшін белгіленген мерзімде ақаулардың жойылуын бақылау;

24) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін техникалық тексеруді ұйымдастыру;

25) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізу тізбесін, кезеңі мен кезектілігін айқындау;

26) кондоминиум объектісінің басқару органы ұсынған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстардың сметасын келісу;

27) кондоминиумның ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген түрлері бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі комиссияларға қатысу;

28) тұрғын үй қорын басқару саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

29) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газды пайдалану жүйелерін және газ жабдықтарын, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінде және көтеруші құрылғыларда (лифттерде, эскалаторларда, фуникулерлерде) қазандық қондырғыларын қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

30) кондоминиум объектісі үй-жайларының (пәтерлерінің) меншік иелері өтініш жасаған кезде кондоминиум объектісін басқару бойынша есептің бар-жоғына тексеру жүргізу;

31) үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері тұрғын үй (тұрғын ғимарат) пайдалануға берілген кезден бір ай мерзімде кондоминиум объектісін басқару нысаны туралы өзара шешімге келмеген жағдайда – үш ай мерзімге кондоминиум объектісін басқару органының функцияларын жүзеге асырушы қызмет көрсететін ұйымды айқындау;

32) қазандық пен жылу желілерінің (магистралдық, орамшілік) жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тексеру жүргізу;

33) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде электр энергетикасы саласындағы әкімшілік істер бойынша материалдардың қаралуын жүзеге асыру;

34) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасының бұзушылықтары бойынша сотқа жүгіну және оларды қарау кезінде сотқа қатысу;

35) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

36) жұмыс берушілер ұсынған ұжымдық шарттардың мониторингін жүзеге асыру;

37) өндірістік жарақаттанудың, кәсіптік аурулардың себептеріне талдау жүргізу және олардың профилактикасы жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

38) өндірістегі жазатайым оқиғаларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тергеп-тексеру;

39) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарға аттестаттау жүргізу;

40) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау нормативтерін жетілдіру мәселелері бойынша қызметкерлер мен жұмыс берушілердің уәкілетті өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау;

41) қызметкерлердің, жұмыс берушілер мен олардың өкілдерінің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі өтініштерін қарау;

42) өндірістік объектілердің еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау мониторингін жүзеге асыру;

43) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға мерзімді есептерді, сондай-ақ еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігі жөніндегі ақпараттық жүйе базасында еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігінің жай-күйі мониторингінің нәтижелерін ұсыну;

44) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға еңбек қатынастары бойынша қажетті ақпаратты беру;

45) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптаманы лицензиялау;

46) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар қабылдау, сондай-ақ рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

47) уәкілетті органмен келісім бойынша Нұр-Сұлтан қаласының аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарын бекіту;

48) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру;

49) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы бойынша ветеринариялық препараттарды сақтауды, тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру;

50) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ауыл шаруашылығы жануарларына бірдейлендіру жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар (кұралдар) мен атрибуттарды, жануарға арналған ветеринариялық паспортты мемлекеттік сатып алуды және тасымалдауды (жеткізуді) жүзеге асыру;

51) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордың жүргізілуін ұйымдастыру;

52) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру;

53) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге құқығы бар мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер тізімін бекіту;

54) Нұр-Сұлтан қаласының шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

55) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеп-қарауды жүргізу;

56) Нұр-Сұлтан қаласының шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру ;

57) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;

58) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан: ішкі сауда объектілерінде; жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды),

сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда); ветеринариялық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда; олардың экспортын (импортын) және транзитін қоспағанда, Нұр-Сұлтан қаласының шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде; экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша; тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда, бағдарларда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында; экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, қайта өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру ;

59) мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу , қайта жанарту және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

60) жеке және заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасау;

61) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды уәкілетті органға ұсыну;

62) жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы және диагностикасы бойынша ветеринариялық препараттарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;

63) ветеринариялық препараттарды сақтауды және тасымалдауды (жеткізуді), жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы жөнінде ветеринариялық іс-шаралар жүргізу;

64) уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың энзоотиялық және басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;

- 65) ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын жүргізу;
- 66) ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлеріне қажеттілікті айқындау және процессингтік орталыққа ақпарат беру;
- 67) процессингтік орталықтан алынған ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерін ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарды жеткізушілерге олармен жеткізуге шарттар жасасқанға дейін беруді қамтамасыз ету;
- 68) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шаралар жүргізу;
- 69) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру;
- 70) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес мал қорымын (биотермиялық шұңқырларды) салуды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;
- 71) Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті өкілді органына бекіту үшін Жануарларды асырау қағидаларын, Иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 72) мүдделі тұлғаларға өткізіліп жатқан ветеринариялық іс-шаралар туралы ақпарат беруді қамтамасыз ету;
- 73) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (малды союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияларды ұйымдастыру;
- 74) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу;
- 75) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;
- 76) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларға қатысу;
- 77) профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін бекіту;
- 78) ауру малдарды санитариялық союды ұйымдастыру;

- 79) өсімдік шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 80) агенттің, қоғамның қызметін, олардың Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;
- 81) сақтандырушылардың міндетті сақтандыру шарттарын жасасудан бас тартқан және Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы және өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңнамасының талаптарын сақтамағаны туралы істерді қарау;
- 82) өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушыдан, сақтандырушыдан, агенттен және қоғамнан сұрату және алу;
- 83) өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушының, сақтандырушының, агенттің және қоғамның ұсыну нысаны мен мерзімін белгілеу;
- 84) карантинді объектілердің таралуының есебін жүргізу және уәкілетті орган мен мүдделі тұлғаларға ақпарат беру;
- 85) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау объектілерінде осы объектілердің иелері – жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуін ұйымдастыру;
- 86) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 87) уәкілетті органның қарауына элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының элиталық тұқымдарды өндіру мен өткізу көлемі жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 88) тұқым шаруашылығы субъектілеріне және тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертханаларға уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тиісті куәлік бере отырып, оларды аттестаттауды жүргізу;
- 89) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;
- 90) Нұр-Сұлтан қаласы бойынша тұқымдар теңгерімдерін жасау;
- 91) ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығы саласындағы қажетті ақпарат беруді қамтамасыз ету;
- 92) құзыреті шегінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің сақтық және ауыспалы тұқым қорларын қалыптастыруына жәрдемдесу;
- 93) бастапқы, элиталық тұқым шаруашылығын жүргізу және ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын жаппай көбейту тәсімдері мен әдістері бойынша ұсыныстар енгізу;
- 94) сұрыптық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру, сұрыптық егістіктерді байқаудан өткізуді, жерге егіп бағалауды, зертханалық сұрыптық сынақтарды, тұқым сапасына сараптама жүргізу тәртібінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

- 95) тұқымдардың мемлекеттік ресурстарының саны-сапасы жағынан жай-күйін бақылауды жүзеге асыру;
- 96) "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес анықталатын квоталар шегінде субсидиялауға жататын тұқымдарды өткізудің шекті бағасын белгілеу;
- 97) субсидиялауға жататын тұқымдардың әрбір түрі бойынша жыл сайынғы квоталарды:
тұқым шаруашылығы саласында аттестатталған әрбір субъект үшін – бірегей тұқымдар бойынша;
Нұр-Сұлтан қаласы үшін – элиталық тұқымдар бойынша айқындау;
- 98) субсидияланған бірегей және элиталық тұқымдардың мақсатты пайдаланылуын бақылау;
- 99) байқаудан өткізушілер мен тұқым сарапшылары кадрларын даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
- 100) ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;
- 101) тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектордың ұсынысы негізінде: субъектінің тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыруға құқығын куәландыратын аттестаттау туралы куәлігінің қолданысын; тұқымдардың сұрыптық және егістік сапаларына сараптама жүргізу жөніндегі қызметті тоқтата тұру;
- 102) мыналар: пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау); пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу; пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті лицензиялау ;
- 103) зиянды организмдермен күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізу;
- 104) қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 105) ветеринария және өсімдіктерді қорғау саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету;
- 106) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесе отырып , халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру және ақпарат алмасуды жүзеге асыру;
- 107) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жануарлардың жұқпалы аурулары туындаған жағдайда бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынуы бойынша шектеулі іс-шараларды немесе карантинді белгілеу туралы шешімдер қабылдау;

108) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында туындаған жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша шектеулі іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

109) ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттауды жүргізуді қамтамасыз ету;

110) мүдделі тұлғаларға өткізіліп жатқан ветеринариялық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

111) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды уәкілетті органға ұсыну;

112) ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

113) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және осы саладағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

114) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбе мен тәртіпке сәйкес зиянды организмдерге қарсы күрес жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуін қамтамасыз ету;

115) арнаулы сақтау орындарын (көмбелерді) салу, ұстау және тиісті жай-күйде сақтау;

116) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды нөмірлік тіркеу белгілерін бере отырып тіркеу, қайта тіркеуден өткізуді жүзеге асыру;

117) тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру;

118) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру;

119) тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат ұсыну;

120) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу;

121) "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүліктік және өзге де заңды құқықтары мен мүдделерін құқықтық құралдармен қорғау;

122) өтініш берушілердің құжаттарын қабылдау және қарау;

123) құқықтық мәселелерді қарау кезінде "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін сотта және өзге де органдарда ұсыну;

124) азаматтарды қабылдауды жүзеге асыру, өз құзыреті шегінде азаматтардың хаттары мен өтініштерін қарау;

125) "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қалалық ведомствоаралық комиссиялардың жұмысын үйлестіру;

126) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер жүргізу;

127) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру;

128) Нұр-Сұлтан қаласында әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру;

129) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылыс қызметін бақылау;

16. Құқықтар мен міндеттер:

1) "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін өндірістік қызмет мәселелері бойынша жедел шешім қабылдауды қамтамасыз ету үшін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің құрылымдық бөлімшелерімен өзара қарым-қатынасқа түсу;

2) меншік нысанына қарамастан, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан, өзге де ұйымдар мен кәсіпорындардан "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратқа, құжаттар мен материалдарға сұрау салу және алу;

- 3) "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметінің барлық мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;
- 4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласы субъектілерінен салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөнделіп) жатқан объектілер мен кешендер туралы ақпаратқа сұрау салу және алу;
- 5) объектілер құрылысы бойынша құжаттамамен танысу үшін, тапсырыс берушілерден қажетті жобалау және атқарушы құжаттамаларын, сондай-ақ тиісті жобалардың сараптамалық қорытындысын алуға сұрау салу және алу;
- 6) салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөнделіп) жатқан объектілерге кедергісіз кіру және онда жүргізіліп жатқан құрылыс-монтаждау жұмыстарына жедел инспекциялауды жүргізу;
- 7) бақылау мен қадағалаудың өзге нысандарын жүзеге асырған кезде объектілерге бару;
- 8) жол берілген бұзушылықтарды анықтаған кезде "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функционалдық міндеттеріне сәйкес орындауға міндетті нұсқама шығару;
- 9) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының белгіленген талаптарын, мемлекеттік нормативтік талаптарды, шарттар мен шектеулерді жол берілген бұзушылықтар мен ауытқуларға байланысты бұзушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қолдану туралы шешімдер қабылдау;
- 10) сотта талапкер және жауапкер болу;
- 11) нұсқаманың талаптарын орындамаған жағдайда азаматтық және әкімшілік іс жүргізу тәртібінде: нұсқаманың талабын мәжбүрлеп орындау туралы, нұсқаманың талабын орындағанға дейін қызметін тоқтату және тыйым салу туралы талап қою;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шеңберде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларды жасау және істерді қарау;
- 13) Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу салдарынан келтірілген шығынды өтеу туралы, өз мақсатында пайдаланылмай не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою туралы, жер учаскелерін беруге, мемлекет мұқтажы үшін алып қою туралы, сондай-ақ жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының анықталған Қазақстан Республикасы жер заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде берген нұсқамаларын осы нұсқама берілген тұлғалар нұсқамада көрсетілген мерзімде орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда оларды орындау туралы және жеке, лауазымды және заңды тұлғалардан айыппұл өндіріп алу туралы істер бойынша сотқа талап-арыз дайындау және беру;
- 14) қызметтік куәлігін көрсеткен жағдайда, ұйымдарға, құрылыс объектілеріне кедергісіз кіру, меншік иелері мен жер пайдаланушылардың меншігіндегі және

пайдалануындағы жер учаскелерін тексеру, ал әскери, қорғаныс және басқа да арнаулы объектілер алып жатқан жер учаскелерін оларға кірудің белгіленген режимін ескере отырып, тексеру;

15) жерге құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары болмаған жағдайда тұрғын үй және өндірістік объектілердің салынуын тоқтата тұру;

16) құқықтарды және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін сақтау;

17) жұмыс берушілермен орындау үшін міндетті нұсқамалар, қорытындылар беру, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар мен қаулы жасау, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жазалар қолдану;

18) ұйымдардың, жекелеген өндірістердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындарының қызметі және жабдықтардың, тетіктердің пайдаланылуы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сай келмейтіні анықталған жағдайда, оларды үш күннен аспайтын мерзімге, көрсетілген мерзім ішінде міндетті түрде сотқа талап-арыз бере отырып, тоқтата тұру (тыйым салу);

19) жұмыс орындарында белгіленген талаптарға сай келмейтін арнаулы киімнің, аяқ киімнің және басқа да жеке және ұжымдық қорғану құралдарының берілуі мен пайдаланылуына тыйым салу;

20) жұмыс берушіге (оның өкіліне) хабарлай отырып және тиісті акт жасау арқылы арнаулы киім үлгілерін, пайдаланылатын немесе өңделетін материалдар мен заттарды талдау жасау үшін алу;

21) өндірістегі жазатайым оқиғаларды белгіленген тәртіппен тергеп-тексеру;

22) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқудан, нұсқау беруден, білімін тексеруден өтпеген қызметкерлерді жұмыстан шеттету үшін жұмыс берушілер орындауға міндетті нұсқамалар беру;

23) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі білімді тексеруге қатысу;

24) шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру кезінде белгіленетін айрықша талаптардың орындалуына тексеру жүргізу;

25) жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылау жүргізуінің толықтығы мен дәйектілігін бақылауды жүзеге асыру;

26) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану мәселелері бойынша түсіндіру жұмысын жүргізу;

27) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу, мемлекеттік еңбек инспекторларының актілерін жұмыс берушілердің орындамауы фактілері бойынша тиісті құқық қорғау органдарына және соттарға ақпарат, талап қою және өзге де материалдарды жіберу;

28) Қазақстан Республикасының еңбек қатынастары саласындағы заңнама талаптарын сақталуына белгіленген тәртіпте және өз құзыреті шегінде тексерулер жүргізу және өзге де нысандағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

29) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын тексеруді уақтылы және сапалы жүргізу;

30) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою жөніндегі шараларды қабылдау мақсатында осындай бұзушылықтар туралы жұмыс берушілерді (олардың өкілдерін) хабардар ету, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізу;

31) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану мәселелері бойынша қызметкерлер мен жұмыс берушілердің өтініштерін уақтылы қарау;

32) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының бұзылуына әкеп соғатын себептер мен мән-жайларды анықтау, оларды жою және бұзылған еңбек құқықтарын қалпына келтіру жөнінде ұсынымдар беру;

33) өндірістегі жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тексеруге қатысу;

34) мемлекеттік құпияны, еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеу;

35) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асыру кезінде азаматтармен және қызметкерлердің өкілдерімен өзара іс-қимыл жасасу;

36) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

17. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінде басшылықты "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

18. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Нұр-Сұлтан қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары (орынбасарлары) болады.

20. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекеме басшысының өкілеттігі:

1) "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінде құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды, жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

2) "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады;

4) "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және дербес жауапкершілік алады;

5) өз құзыреті шегінде "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтарды шығарады;

6) "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша құқықтық актілер мен басқа да құжаттардың әзірленуін бақылайды;

7) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуына бақылауды жүзеге асырады, оны бұзу фактілерін қарайды және өз құзыреті шегінде олар бойынша шешімдер қабылдайды;

8) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесін ұсынады;

9) әкімші "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі болып табылатын төлемдер мен міндеттемелер бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) қаржыландыру жоспарын бекітеді;

10) "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бөлімдері туралы ережені және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді.

21. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

23. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

24. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітіліп берілген мүлік Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне жатады.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгеше көзделмесе "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Астана ветсервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

2) "Өркен қала" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 сәуірдегі
№ 1-449 қаулысына
13-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі жергілікті бюджеттің атқарылуы саласында басқаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі және мөртаңбалары, белгіленген үлгіде бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында есеп шоттары бар.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы және штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Бейбітшілік көшесі, № 11.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік

мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы : жергілікті бюджеттің атқарылуы саласында мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету.

15. Міндеттері:

- 1) жергілікті бюджетті атқару;
- 2) бухгалтерлік есепті, бюджет есебін жүргізу және жергілікті бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті жасау;
- 3) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларының нормаларын сақтау;
- 4) гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыру;
- 5) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және көтермелеу кезінде гендерлік теңгерім нормаларын сақтау.

16. Функциялары:

- 1) жергілікті бюджеттің атқарылуын ұйымдастыруға қатысу;
- 2) "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі аппаратының бухгалтерлік есебін ұйымдастыру және жүргізу;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі әкімшілік ететін бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік өтінімді жасау және оны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға беру;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі әкімшілік ететін жергілікті бюджетке түсетін түсімдер бойынша болжамдық көрсеткіштерді жасау және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға беру;
- 5) құзыреті шегінде аумақты дамыту бағдарламасын әзірлеуге қатысу;
- 6) "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларын әзірлеу және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның келісімімен бекіту;
- 7) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізуге бюджеттік бағдарламалар әкімшілері

ұсынатын өтінімдердің Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру;

8) міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, түсімдердің жиынтық жоспарын және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау, бекіту және жүргізу;

9) жергілікті бюджеттің орындалуы туралы ай сайынғы есепті жасау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға, Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне (бұдан әрі – әкімдік), "Нұр-Сұлтан қаласының Тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға, ішкі бақылау жөніндегі уәкілетті органға беру;

10) жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша бюджет есебін жүргізу;

11) жергілікті бюджетінің атқарылуы кезінде бюджеттік мониторинг жүргізу;

12) жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есеп пен талдамалық есептен тұратын жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп және түсіндірме жазба жасау және әкімдікке, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға және ішкі бақылау жөніндегі уәкілетті органға ұсыну;

13) жергілікті бюджеттің орындалуы туралы жылдық есеп жасау және бюджеттің атқарылуы бойынша орталық уәкілетті органға ұсыну;

14) әкімдікке жергілікті уәкілетті орган резервінің ақшасын пайдалану және тиісті кезеңге оның қалдығы туралы ақпаратты ай сайын ұсыну;

15) дебиторлық және кредиторлық берешек туралы жиынтық есептер жасау және бюджеттің атқарылуы бойынша орталық уәкілетті органға ұсыну;

16) мемлекеттік мекемелердің олардың өз иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаның түсімдері мен шығыстар жоспарларының орындалуы туралы, жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің демеушілік және қайырымдылық көмегінен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуды туралы жиынтық есеп жасау және оны бюджеттің атқарылуы бойынша орталық уәкілетті органға ұсыну;

17) жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінен тоқсандық және жылдық жиынтық бюджеттік және шоғырландырылған есептілікті қабылдауды және тексеруді жүзеге асыру;

18) жартыжылдық және жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау және бюджеттің атқарылуы бойынша орталық уәкілетті органға ұсыну;

19) ашық бюджеттердің интернет-порталына ақпарат орналастыру;

20) "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі әкімшілік ететін жергілікті бюджетке түсетін түсімдер коды бойынша ай сайынғы есепке алуды жүзеге асыру;

21) "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі әкімшілік ететін бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының кодтары бойынша жергілікті

бюджетке түсетін түсімдердің артық (қате) төленген сомасын бюджеттен қайтаруды және (немесе) есепке жатқызуды қамтамасыз ету;

22) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесіне Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік мекемелерінің атауларын өзгерту туралы өтінім беру;

23) мемлекеттік мекемелер өздерінің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден алатын ақшаны, демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін қолма-қол ақшаны, ақшаны уақытша орналастырудың бақылау шоттарын және корпоративтік төлем карточкасын қолдана отырып, бюджет қаражаты есебінен есептеуге арналған ағымдағы шоттарды ашуға өтінім және рұқсат беру жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

24) бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің беретін мемлекеттік мекемелер өздерінің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдер мен шығыстардың жиынтық жоспарына келісім беру;

25) жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінен қаражат бөлу туралы әкімдік қаулысының жобаларына қорытындылар даярлау;

26) бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға Нұр-Сұлтан қаласының бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру бойынша бюджеттік ақшаларды басқару жөніндегі мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін бағалау жөнінде ақпарат әзірлеу және беру;

27) жергілікті бюджет қаражаты есебінен бюджет кредиттерін беру, оларды тіркеуді , есепке алуды және мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету;

28) несиелік қаражат бойынша қарыздарды өтеу және қызмет көрсету жөніндегі есепті бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға беру;

29) жергілікті атқарушы орган қарызының мониторингін жүзеге асыру;

30) жергілікті атқарушы органның мемлекеттік бағалы қағаздарды шығаруының талаптарын, көлемі мен нысаналы тағайындауын бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органмен анықтау және келісу;

31) "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі астананың жергілікті атқарушы органының атынан астана бюджетінің тапшылығын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруы түрінде, сондай-ақ мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруы түрінде жүзеге асырады;

32) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қабылдауды жүзеге асыру;

33) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің мониторингін жүзеге асыру;

34) жекешелік әріптестікті айқындау үшін конкурстық комиссияға қатысу;

35) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді тіркеу және есепке алу;

36) "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мемлекеттік сатып алуды жүргізу;

37) әкімдіктің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын келісу;

38) "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнамасында белгіленген өкілеттіктер шегінде "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) жергілікті бюджеттің атқарылу мәселелері жөнінде орындалуы міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қажетті ақпарат пен материалдар сұрату және алу;

3) сотта талапкер және жауапкер болу.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

18. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің өкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмысына басшылық етуді жүзеге асырады;

2) "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің міндеттерін анықтайды және жауапкершіліктерінің деңгейін белгілейді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, қызметкерлермен еңбек қатынастары мәселелерін қарастырады;

4) өз құзыреті шегінде "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің орындауы міндетті бұйрықтар, нұсқаулықтар шығарады;

5) өз құзыреті шегінде, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

6) "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

7) "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бөлімдері туралы ережелерді бекітеді;

8) жеке жауапкершілігін белгілей отырып, "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

22. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілейді.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

23. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне жатады.

25. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасында өзгеше көзделмесе, "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және

қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 сәуірдегі
№ 1-449 қаулысына
14-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрықтарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

6. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

7. Басқарманың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Бейбітшілік көшесі, № 11.

8. Мемлекеттік мекенің толық атауы – "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

9. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

10. Басқарма қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

11. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

12. Басқарманың миссиясы:

Нұр-Сұлтан қаласының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және халықтың денсаулығын қорғау мәселелері бойынша бірыңғай ұлттық саясатқа сәйкес халықты қолжетімді және сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету;

халықтың денсаулығын қорғау және нығайту, аурулардың және жарақаттардың алдын алу, белсенді өмір сүру ұзақтығын және қоғамның күштерін біріктіру арқылы еңбекке қабілеттілігін арттыру бойынша шараларды жандандыру және іске асыру.

13. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының аумағында қалалық денсаулық сақтаудың бәсекеге қабілетті жүйесіне қол жеткізу мақсатында халыққа көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігін және сапалылығын ұйымдастыруды жетілдіру және дамыту;

2) кәсіби медициналық дайындықты жетілдіру және ел ішінде, шетелде отандық денсаулық сақтау саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және жетекші шетелдік мамандарды тарту, сондай-ақ медицина саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту арқылы Нұр-Сұлтан қаласының денсаулық сақтаудың бәсекеге қабілетті кадрлық әлеуетін құру;

3) алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету жұмысын жандандыру және алғашқы медициналық буын рөлін күшейту;

4) азаматтардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында салауатты өмір салтын насихаттау, өз денсаулығына деген ортақ жауапкершілігін қалыптастыру;

5) халықтың денсаулығын қорғау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық қарым-қатынастың бірыңғай ұлттық саясатын іске асыру;

6) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасының нормаларын сақтау;

7) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жоғарылату кезінде гендерлік теңдік нормаларын сақтау.

14. Функциялары:

- 1) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру – денсаулық сақтау саласындағы бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету;
- 2) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, білім және ғылым саласындағы заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету;
- 3) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық ахуалы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарын қоспағанда, денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне мониторинг пен бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- 4) Басқарманың бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі функциясын жүзеге асыру;
- 5) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық және фармацевтикалық қызметтер берушілерді таңдау және олардың шығындарын өтеуді жүзеге асыру;
- 6) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялаушы) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуды және сақтауды жүзеге асыру:
амбулаториялық деңгейде – денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес;
стационарлық деңгейде – дәрілік формулярлар шегінде;
- 7) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, медициналық емес жабдықтарды, санитариялық көлікті, сондай-ақ мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына күрделі жөндеу жүргізуге арналған қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастыру;
- 8) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын кадрлық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 9) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын жарақтандыруды қамтамасыз ету;
- 10) денсаулық сақтау саласындағы өңірлік электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің, ақпараттық-коммуникациялық желілердің құрылуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 11) жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарындағы клиникалық базаларды жоғары және орта медициналық оқу орындарына беру;
- 12) төтенше жағдайлар кезінде тегін медициналық көмек көрсетуді, дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 13) денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлау, олардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру;
- 14) гигиеналық оқытуды, салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды насихаттау мен қалыптастыруды ұйымдастыру;

- 15) халықты әлеуметтік маңызы бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың таралуы туралы хабардар ету;
- 16) азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;
- 17) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде статистикалық әдіснама талаптарын сақтай отырып денсаулық сақтау саласындағы ведомстволық статистикалық байқауды жүзеге асыру;
- 18) ведомстволық бағынысты мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары басшыларының кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттауды жүзеге асыру;
- 19) мемлекеттік органдармен және өзге де заңды тұлғалармен денсаулық сақтау саласында қызметтердің ақырғы нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар, келісімдер және басқа да актілер жасасу және іске асыру;
- 20) Басқарманың қарамағындағы ведомстволық бағынысты ұйымдарға қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асыру;
- 21) ведомстволық бағынысты коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын қарау, келісу және бекіту және олардың орындалуы бойынша бақылауды жүзеге асыру және талдау;
- 22) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешілік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) аясында өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 23) денсаулық сақтау саласында МЖӘ тұжырымдамасын және жергілікті жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу және бекіту;
- 24) денсаулық сақтау саласында МЖӘ жергілікті жобалары бойынша МЖӘ шарттарын жасасу;
- 25) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес медициналық және фармацевтикалық қызметті, сондай-ақ есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының айналымы саласындағы қызметті лицензиялау мәселелері бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- 26) денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету;
- 27) Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекке құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету;
- 28) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің жоспарлануын қамтамасыз ету;
- 29) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек шеңберінде жоғары технологиялы медициналық көрсетілетін қызметтерді алу үшін

тұрақты тұратын елдімекеннен тыс жерлерге шығатын азаматтардың жекелеген санаттарына ел ішінде жол жүру ақысын Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының шешіміне сәйкес төлеуді жүзеге асыру.

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) ведомстволық бағынысты ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату және денсаулық сақтауды дамыту мәселелер бойынша ұсыныстар енгізу;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, басқа ұйымдардан және лауазымды тұлғалардан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрау және алу;

3) заңды тұлғалармен Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша келіссөздер жүргізу және келісімдер мен меморандумдар жасасу;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне сәйкес ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату;

5) ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметтеріне бақылау, мониторинг және жоспарлы және жоспардан тыс негізде, қажет болған жағдайда Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің құрылымдық бөлімшелерінен, басқа мемлекеттік органдардан және мемлекеттік емес ұйымдардан құзыретті тұлғаларды келісім бойынша тартумен тексеру жүргізу;

6) қажет болған жағдайда денсаулық сақтаудың мемлекеттік жүйесінің мүддесін қорғау;

7) денсаулық сақтау ұйымдарының желісін дамыту және оларды қаржылық және материалдық-техникалық қамту бойынша шаралар қабылдау;

8) денсаулық сақтау жүйесі қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қазақстан Республикасының және әкімнің басқа да нормативтік және құқықтық актілерінің талаптарын сақтау;

9) меншік нысанына қарамастан медициналық ұйымдар жүзеге асыратын халыққа медициналық көмекті ұйымдастыру, сондай-ақ оның сапасы мен тиімділігін қамтамасыз ету;

10) рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауды жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

16. Басқарманы басқаруды Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Басқарма басшысын Нұр-Сұлтан қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. Басқарма басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарма басшысының өкілеттігі:

1) Басқарманың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді;

2) өз орынбасарлары мен құрылымдық бөлімшелердің және ведомстволық бағынысты ұйымдардың міндеттері мен өкілеттілігін белгілейді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Басқарманың қызметкерлерін ынталандырады, тәртіптік жаза қолданады;

4) өз құзыреті шегінде Басқарманың, ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады;

5) құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді және Басқарма қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді ;

7) Басқарма қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас-жемқорлыққа қарсы заңнамасын, тәртібін және заңдылығын қадағалауына жеке жауапкершілік алады ;

8) оның құзіретіне қатысты басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

Басқарма басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Басқарма басшысы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін белгілейді.

4. Басқарманың мүлкі

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Басқарма мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 1 қалалық аурухана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

2) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 2 қалалық аурухана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

3) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 1 қалалық балалар ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

4) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 2 қалалық балалар ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

5) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 1 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

6) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 2 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

7) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 3 қалалық емхана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

8) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 4 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

9) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 5 қалалық емхана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

10) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 6 қалалық емхана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

11) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 7 қалалық емхана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

12) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 8 қалалық емхана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

13) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 9 қалалық емхана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

14) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 10 Қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

15) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 11 қалалық емхана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

16) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 12 қалалық емхана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

17) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 13 қалалық емхана" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

18) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Шипагер" отбасылық денсаулық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

- 19) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Ниет" отбасылық денсаулық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 20) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Достық" отбасылық денсаулық орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 21) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 22) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 1 перинаталдық орталық" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 23) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 2 Перинаталдық орталық" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 24) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 3 перинаталдық орталық" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 25) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Онкология орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 26) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Наркология және психотерапия орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 27) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Нұр-Сұлтан қаласының Дерматология және жыныс қатынасы ауруларын алдын-ала емдеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 28) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Психикалық денсаулықтың медициналық орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 29) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Патологоанатомиялық бюро" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 30) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жоғары медициналық колледж" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 31) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Қалалық балалар жұқпалы аурулар ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 32) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 33) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Нұр-Сұлтан қаласы Туберкулезге қарсы диспансері" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 34) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 35) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Мамандандырылған балалар үйі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;
- 36) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Арнайы медициналық жабдықтау базасы" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

37) "Стоматология" оқу-клиникалық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 сәуірдегі
№ 1-449 қаулысына
15-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі Нұр-Сұлтан қаласының аумағында денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрықтарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басшының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

6. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

7. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Бейбітшілік көшесі, № 11.

8. Мемлекеттік мекенің толық атауы – "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

9. Осы Ереже "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

10. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

11. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

12. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

Нұр-Сұлтан қаласының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және халықтың денсаулығын қорғау мәселелері бойынша бірыңғай ұлттық саясатқа сәйкес халықты қолжетімді және сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету;

халықтың денсаулығын қорғау және нығайту, аурулардың және жарақаттардың алдын алу, белсенді өмір сүру ұзақтығын және қоғамның күштерін біріктіру арқылы еңбекке қабілеттілігін арттыру бойынша шараларды жандандыру және іске асыру.

13. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының аумағында қалалық денсаулық сақтаудың бәсекеге қабілетті жүйесіне қол жеткізу мақсатында халыққа көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігін және сапалылығын ұйымдастыруды жетілдіру және дамыту;

2) кәсіби медициналық дайындықты жетілдіру және ел ішінде, шетелде отандық денсаулық сақтау саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және жетекші шетелдік мамандарды тарту, сондай-ақ медицина саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту арқылы Нұр-Сұлтан қаласының денсаулық сақтаудың бәсекеге қабілетті кадрлық әлеуетін құру;

3) алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету жұмысын жандандыру және алғашқы медициналық буын рөлін күшейту;

4) азаматтардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында салауатты өмір салтын насихаттау, өз денсаулығына деген ортақ жауапкершілігін қалыптастыру;

5) халықтың денсаулығын қорғау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық қарым-қатынастың бірыңғай ұлттық саясатын іске асыру;

6) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасының нормаларын сақтау;

7) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жоғарылату кезінде гендерлік теңдік нормаларын сақтау.

14. Функциялары:

1) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру – денсаулық сақтау саласындағы бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, білім және ғылым саласындағы заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету;

3) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық ахуалы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарын қоспағанда, денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне мониторинг пен бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

4) "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі функциясын жүзеге асыру;

5) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық және фармацевтикалық қызметтерді жеткізушілерді таңдау және олардың шығындарын өтеуді жүзеге асыру;

6) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық бұйымдарды сатып алуды және сақтауды жүзеге асыру;

Ескерту. 14-тармақтың 6) тармақшасы жаңа редакцияда – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021.26.01. № 106-242 қаулысымен.

7) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, медициналық емес жабдықтарды, санитариялық көлікті, сондай-ақ мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына күрделі жөндеу жүргізуге арналған қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастыру;

8) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын кадрлық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

9) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық - жарақтандыруды қамтамасыз ету;

10) денсаулық сақтау саласындағы өңірлік электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің, ақпараттық-коммуникациялық желілердің құрылуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

11) жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарындағы клиникалық базаларды жоғары және орта медициналық оқу орындарына беру;

12) төтенше жағдайлар кезінде тегін медициналық көмек көрсетуді, дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

13) денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлау, олардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру;

14) гигиеналық оқытуды, салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды насихаттау мен қалыптастыруды ұйымдастыру;

15) халықты әлеуметтік маңызы бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың таралуы туралы хабардар ету;

16) Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау мәселелері бойынша халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

Ескерту. 14-тармақтың 16) тармақшасы жаңа редакцияда – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021.26.01. № 106-242 қаулысымен.

17) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде статистикалық әдіснама талаптарын сақтай отырып, денсаулық сақтау саласындағы ведомстволық статистикалық байқауды жүзеге асыру;

18) ведомстволық бағынысты мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары басшыларының кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттауды жүзеге асыру;

19) мемлекеттік органдармен және өзге де заңды тұлғалармен денсаулық сақтау саласында қызметтердің соңғы нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар, келісімдер және басқа да актілер жасасу және іске асыру;

20) "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ведомстволық бағынысты ұйымдарға қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асыру;

21) ведомстволық бағынысты коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын қарау, келісу және бекіту және олардың орындалуы бойынша бақылауды жүзеге асыру және талдау;

22) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік бұдан әрі – МЖӘ) аясында өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты іске асыру;

23) денсаулық сақтау саласында МЖӘ тұжырымдамасын және жергілікті жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу және бекіту;

24) денсаулық сақтау саласында МЖӘ жергілікті жобалары бойынша МЖӘ шарттарын жасасу;

25) жұмылдыру іс-шараларын дайындау, аумақтық қорғанысты, азаматтық қорғауды жүргізу және төтенше немесе соғыс жағдайы режимі жарияланған кезде медициналық ұйымдар мен арнайы құралымдарды жұмылдыруды, сондай-ақ жұмылдыруды уақтылы жүзеге асыру;

Ескерту. 14-тармақтың 25) тармақшасы жаңа редакцияда – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021.26.01. № 106-242 қаулысымен.

26) денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету;

27) Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекке құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету;

28) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің жоспарлануын қамтамасыз ету;

29) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек шеңберінде жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді алу үшін тұрақты тұратын елдімекеннен тыс жерлерге шығатын азаматтардың жекелеген санаттарына ел ішінде жол жүру ақысын Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының шешіміне сәйкес төлеуді жүзеге асыру;

30) халыққа профилактикалық екпелерді ұйымдастыру және жүргізу;

31) әскери қызметтің мүддесінде Қазақстан Республикасының азаматтарын медициналық куәландырудан өткізу үшін құрылатын медициналық комиссиялардың дербес құрамын әзірлеу, бекіту және олардың қызметін ұйымдастыру;

32) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне денсаулық сақтау жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын орындау, сондай-ақ денсаулық сақтаудың негізгі сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша тоқсан сайынғы есепті ұсыну;

33) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне денсаулық сақтау жүйесінің қызметін жақсарту, оның ішінде медициналық-санитариялық алғашқы көмекті дамыту, ана мен баланы қорғау және әлеуметтік мәні бар аурулар бойынша бағдарламаны іске асыру жөнінде ұсыныстар енгізу.

Ескерту. 14-тармақ 30), 31), 32), 33) тармақшаларымен толықтырылды – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021.26.01. № 106-242 қаулысымен.

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) ведомстволық бағынысты ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату, сондай-ақ денсаулық сақтауды дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, басқа ұйымдардан және лауазымды тұлғалардан қажетті акпарат пен материалдарды сұрау және алу;

3) заңды тұлғалармен "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша келіссөздер жүргізу және келісімдер мен меморандумдар жасасу;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне сәйкес ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату;

5) ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметтеріне бақылау, мониторинг және жоспарлы және жоспардан тыс негізде, қажет болған жағдайда Нұр-Сұлтан қаласы

әкімдігінің құрылымдық бөлімшелерінен, басқа мемлекеттік органдардан және мемлекеттік емес ұйымдардан құзыретті тұлғаларды (келісім бойынша) тартумен тексеру жүргізу;

6) денсаулық сақтаудың мемлекеттік жүйесінің мүддесін қорғау;

7) денсаулық сақтау ұйымдарының желісін дамыту және оларды қаржылық және материалдық-техникалық қамту бойынша шаралар қабылдау;

8) денсаулық сақтау жүйесінің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қазақстан Республикасының және Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің басқа да нормативтік және құқықтық актілерінің талаптарын сақтау;

9) меншік нысанына қарамастан медициналық ұйымдар жүзеге асыратын медициналық көмекті ұйымдастыру, сондай-ақ оның сапасы мен тиімділігін қамтамасыз ету;

10) алынып тасталды;

Ескерту. 15-тармақтың 10) тармақшасы алынып тасталды – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021.26.01. № 106-242 қаулысымен.

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

16. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесін басқаруды "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің: орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Нұр-Сұлтан қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің және ведомстволық бағынысты ұйымдардың жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді;

2) өз орынбасарлары мен құрылымдық бөлімшелердің және ведомстволық бағынысты ұйымдардың міндеттері мен өкілеттілігін белгілейді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің

қызметкерлерін және ведомствоға бағынысты ұйымдардың бірінші басшыларын ынталандырады, тәртіптік жаза қолданады;

Ескерту. 19-тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 26.01.2021 жылғы № 106-242 қаулысымен.

4) өз құзыреті шегінде "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің, ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады;

5) құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді, "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің және ведомствоға бағынысты ұйымдардың бірінші басшыларының лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

Ескерту. 19-тармақтың 5) тармақшасы жаңа редакцияда – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 26.01.2021 жылғы № 106-242 қаулысымен.

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

7) "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас- жемқорлыққа қарсы заңнамасын, тәртібін және заңдылығын қадағалауына жеке жауапкершілік алады;

8) "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін және ведомствоға бағынысты ұйымдар басшыларының ұсынымы бойынша ведомствоға бағынысты ұйымдар басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

Ескерту. 19-тармақтың 8) тармақшасы жаңа редакцияда – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 26.01.2021 жылғы № 106-242 қаулысымен.

9) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес оның құзыретіне қатысты басқа мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

"Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін белгілейді.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

21. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 1 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

2) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 2 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

3) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 3 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

4) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 4 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

5) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 5 қалалық емхана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

6) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 6 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

7) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 7 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

8) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 8 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

9) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 9 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

- 10) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 10 Қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 11) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 11 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 12) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 12 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 13) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 13 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 14) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 14 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 15) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 15 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 16) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Достық" алғашқы медициналық-санитариялық көмек орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 17) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 1 көпбейінді қалалық аурухана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 18) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 2 көпбейінді қалалық аурухана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 19) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 3 көпбейінді қалалық аурухана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 20) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 21) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 22) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 23) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Қалалық фтизиопульмонологиялық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 24) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Қалалық психикалық денсаулық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 25) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Көпсалалы медицина орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 26) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 27) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Жоғары медициналық колледж" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 28) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Патологоанатомиялық бюро" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

29) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

30) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Мамандандырылған балалар үйі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

31) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Арнайы медициналық жабдықтау базасы" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

32) "Нұр-Сұлтан қаласының Орталық жол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Ескерту. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 26.01.2021 жылғы № 106-242 қаулысына сәйкес жаңа редакцияда жазылған.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 сәуірдегі
№ 1-449 қаулысына
16-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесі Нұр-Сұлтан қаласының аумағында қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануды реттеу саласындағы қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесінде ведомстволар жоқ.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Сарыарқа даңғылы, № 13.

10. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесінің толық атауы: "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру Нұр-Сұлтан қаласының бюджетінен жүзеге асырылады.

13. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесі функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Нұр-Сұлтан қаласының қоршаған

ортаны қорғау және табиғатты пайдалануды реттеу саласында мемлекеттік басқару, елорда халқы үшін экологиялық тепе-теңдік пен қолайлы орта құру болып табылады.

15. Міндеттері:

1) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи экологиялық жүйелерге арналған шаруашылық және басқа да қызметтердің зиянды әсерін болдырмау, биологиялық әртүрлікті сақтау және табиғатты пайдалануды ұтымды ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдау;

2) қоршаған табиғи ортаға антропогендік әсер деңгейін төмендету;

3) қоршаған ортаға, халықтың өмірі мен денсаулығына арналған басқару, шаруашылық, инвестициялық және басқа да қызметтермен жоспарланатын әрекеттерге талдау мен бағалау жүргізу;

4) табиғатты пайдалануды тиімді басқару мен реттеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін қаланың экологиялық жағдайын жан-жақты және объективті зерделеу, қорытындылау және талдау;

5) елорда халқының экологиялық мәдениетін арттыру.

16. Функциялары:

1) Нұр-Сұлтан қаласының мәслихатында кейіннен бекіту үшін қоршаған ортаның ластануына (ауаның ластауы, қалдықтарды орналастыру, сақтау және көму, ағынды сулармен ластайтын заттарды тастау) арналған төлем мөлшерлемесінің есебін құрастыру;

2) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар беру және эмиссияларға лимиттер белгілеу;

3) салық органдарына қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем жүргізушілер және салым объектілері туралы мәліметтерді дайындау және ұсыну;

4) Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомствоаралық комиссиялардың қызметін ұйымдастыру;

5) гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыру;

6) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқару органының қызметін атқаруды қамтамасыз ету;

7) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқару органы функциясының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережемен қарастырылған құзыретке сәйкес қызмет көрсетуге тарифтерді, бағаларды келісу;

8) қатты-тұрмыстық қалдықтарды жинақтауды, тасымалдауды, сұрыптауды және қайта өңдеуді жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жұмысын Қазақстан Республикасы заңнамасының және үйлестіру құзыреттілігі шеңберінде жүзеге асыру;

9) тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ету;

10) өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыратын алыс және жақын шет елдерімен, халықаралық ұйымдармен, сонымен қатар заңды тұлға-бейрезиденттермен өзара қарым-қатынасты және ынтымақтастықты ұйымдастыру;

11) болжамды мақсатты құжаттарды жинақтауды жүзеге асыру, басымдықтарды анықтау және табиғатты қорғау іс-шараларын жоспарлау;

12) табиғатты қорғау объектілерінің құрылысын және реконструкциялау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

13) табиғатты қорғау іс-шаралары, мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының талаптарын, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша шартты міндеттерді тиісінше орындамау бөлігінде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің (бұдан әрі – әкімдік) атынан талаптық арыз ұсыну және талапкер ретінде шығу;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды табиғатты пайдалануға беру туралы шешім қабылдау;

15) қаладағы экологиялық ахуалдың жай-күйі туралы және Басқарма қызметінің басқа да бағыттары бойынша есептер дайындау;

16) экологиялық ахуалды жақсартуға, сондай-ақ осы мәселелер бойынша қоғамды ақпараттандыруға бағытталған ғылыми-практикалық іс-шаралар өткізу (конференциялар, семинарлар, мәжілістер, "дөңгелек үстел" отырыстары және т.б.);

17) тиісті аумақта орналасқан табиғи объектілердің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асыру;

18) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

19) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру;

20) экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етумен, жинақтауды, тасымалдауды, көмуді және кәдеге жаратуды қоса алғанда, тұтыну және өндіріс қалдықтарын басқару бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

21) өз құзыреті шегінде қалдықтарды басқару бағдарламасын келісу;

22) қалдықтардың пайда болу көлемін азайтуға, олардың қайта немесе балама түрде пайдалану деңгейін жоғарылатуға, көмуге жатқызылатын қалдықтар көлемін қысқартуға бағытталған экономикалық ынталарды және іс-шаралар әзірлеу;

23) коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жиналу нормаларын әзірлеу және Нұр-Сұлтан қаласының мәслихатына бекітуге ұсыну;

24) жасыл желектерді есепке алу, күтіп ұстау және тізілімін жүргізуді ұйымдастыру

;

25) жасыл желектермен қамтылған жер учаскелерін пайдалануға рұқсаттарды келісу

;

26) қаланың жасыл желектерін күтіп-ұстау, қорғау және көгалдандырылатын аумақтарды абаттандыру бойынша уәкілетті органның функцияларын орындауды қамтамасыз ету;

27) жасыл желектерді кесу және қайта отырғызуға рұқсат беру;

28) санитарлық-қорғау аймағын (Нұр-Сұлтан қаласының "жасыл белдеуі") қоса отырып, жасыл желектерді ағымдағы күтіп-ұстау және қорғау бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру;

29) жалпы пайдаланудағы жерлерде көгалдандыру объектілерін салу, реконструкциялау және абаттандыру бойынша тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру;

30) жалпы пайдаланудағы жерлерде салынған, реконструкцияланған көгалдандыру және абаттандыру объектілерін қабылдау бойынша қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру;

31) жасыл желектерді түгендеуді және орман патологиялық зерттеуді жүзеге асыру;

32) табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыру кезінде балама және қалпына келетін энергия көздерін пайдалану;

33) өз құзыреттілігі шеңберінде қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу;

34) бассейндік кеңестер жұмысына қатысу;

35) қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлеу және уәкілетті органға ұсыну;

36) Басқарма құзыретіне жататын мәселелер бойынша нормативтік-құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге қатысу;

37) арнайы табиғатты пайдаланудың экономикалық тетігін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

38) өз құзыреттілігі шеңберінде шаруашылық етуші объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

39) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық тыңдаулар ұйымдастыру;

40) өз құзыреті шегінде табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарларын келісу;

41) сараптамалық жұмыстар жүргізуге қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыстарды орындайтын және қызмет көрсететін сыртқы сарапшыларды (жеке және заңды тұлғаларды) тарту;

42) су қорын пайдалану мен қорғау және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

43) барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салу және (немесе) қолданысқа беру, жалпыға таралған пайдалы қазбаларды барлау, өндіру немесе қосарланған барлауға және өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығы кепілінің келісім шартын тіркеуді жүзеге асыру;

44) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасу, тіркеу және сақтау;

45) барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын қолданысқа беру және (немесе) құрылысы және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды барлауға және өндіруге келісім шарттардың қызметін орындау және тоқтатуды қамтамасыз ету;

46) барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын қолданысқа беру және (немесе) құрылысы және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды барлауға және өндіруге келісім шарттарды жаңарту туралы шешім қабылдау;

47) жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды құруды, қолдану мен пайдалануды келісу;

48) 50 текше метрге дейін суды пайдаланатын су пайдаланушыларды есепке алу;

49) жер үсті көздерінен су ресурстарын пайдалануға төлем мөлшерлерін әзірлеу;

50) өсімдік және жануарлар дүниесін қорғауды қамтамасыз ету;

51) сирек кездесетін және жойылу қаупі бар жануарларды интродукциялау, қайта интродукциялау және будандастыру, сондай-ақ жасанды көбейту бойынша қызметті ұйымдастыру;

52) екі және одан да көп облыс аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттеу үшін аулау, сондай-ақ сирек кездесетін және жойылу қаупі бар жануарлар түрін қоспағанда, жануарлар әлемін пайдалануға рұқсат беру;

53) қаланың коммуналдық меншігіндегі су шаруашылық құрылыстарын басқару, оларды қорғау бойынша шараларды жүзеге асыру, сондай-ақ иесіз су шаруашылығы құрылыстары анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында қарастырылған тиісті тәртіптемелерді өткізу;

54) өзен арналарын реттеу үшін өзен түбін, сутоғандарын лайдан және қоқыс қабаттарынан тазарту бойынша түбін тазалау және түптереңдету жұмыстарының орындалуын қамтамасыз ету;

55) суайдындар мен жасанды суайдындар аумағында және жағажай белдемінде экологиялық іс-шаралар жүргізу;

56) аңшылық алқаптардың резервтік қорында және балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде қорғауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

57) балық шаруашылығы учаскелерінің шекараларын белгілеу, ұйықтарды (ұйықтық учаскелерді) ашу және жабу;

58) ғылыми ұсынымдар негізінде балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін паспорттауды жүргізу;

59) рекреациялық балық аулау аймағын белгілеу;

60) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен Басқармаға жүктелген басқа да өкілдіктерді жүзеге асыру;

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) Нұр-Сұлтан қаласының әкіміне Басқарманың ұйымдастыру-әдістемелік және материалдық-техникалық қызметін жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

2) қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану, табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыру мәселелері жөніндегі Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің шешімдері мен өкімдерінің және әкімдік қаулыларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

3) бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджет шегінде бюджеттік қаражатты пайдалану;

4) қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану мәселелері бойынша, табиғатты қорғау іс-шараларын өткізуге арналған шарттар мен келісімшарттарды жасасу;

5) өз құзыреттілігі шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен және нормативтік құжаттармен белгіленген мерзімдерде Басқарма қызметін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардан, кәсіпорындардан, ұйымдар мен жеке тұлғалардан қажетті ақпараттар мен мәліметтерді сұрату және алу;

6) қоршаған ортаны қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу нәтижесінде келтірілген зиян мөлшерін (анықтауға қатысуға) белгілеу және тиісті мемлекеттік органдарға қорытындысын жіберу;

7) экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың қорытындылары негізінде өз құзыреті шегінде кәсіпорындарды, құрылыстар мен өзге де объектілерді салуға реконструкциялауға тыйым салуға рұқсат беру;

8) өз қызметі туралы ақпаратты тарату, қаланың аумағында орналасқан табиғи объектілердің жай-күйі туралы халықты хабардар ету;

9) қоршаған ортаны қорғау мәселелері және экологиялық таза, қалдықсыз, ресурс үнемдеуші табиғатты қорғау технологияларды енгізу бойынша конференциялар мен семинарларды ұйымдастыру және өткізу;

10) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу барысында қоғамдық тыңдаулар ұйымдастыру;

11) өз құзыреті шегінде мемлекеттік, сот органдарында Басқарманың және әкімдіктің мүддесін талап қоюшы, жауапкер ретінде өкілдік ету;

12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

18. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға және Басқарманың қызметкерлерімен Қазақстан

Республикасының жемқорлыққа қарсы заңнамаларын сақтауға дербес жауапты болатын басшысы жүзеге асырады.

19. Басқарма басшысын Нұр-Сұлтан қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Басқарма басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарма басшысының өкілеттігі:

1) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері басшыларының және басқа да қызметкерлерінің міндеттерін анықтайды және жауапкершілік деңгейін белгілейді;

2) Басқарма қызметкерлерін қызметке қабылдайды және қызметтен босатады;

3) өз құзыреті шегінде Басқарма қызметкерлерінің орындауына міндетті бұйрықтар шығарады және олардың орындалуын қадағалайды;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Басқарма қызметкерлеріне көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдарда және ұйымдарда сенімхатсыз Басқарманың мүддесін білдіреді;

6) шарттарды жасасады және қол қояды, сенімхаттар береді;

7) оның құзыретіне қатысты басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

22. Басқарма басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

23. Басқарма басшысы орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгілейді.

4. Басқарманың мүлкі

24. Басқарманың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

27. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) Астана қаласы әкімдігінің "ЖасНұр" өндірістік-шаруашылық кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 сәуірдегі
№ 1-449 қаулысына
17-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) коммуналдық меншік объектілерін салу және Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын үй саясатын іске асыру жөніндегі іс-шараларды жасау саласында жергілікті мемлекеттік басқарудың функцияларын жүзеге асыратын Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің уәкілетті атқарушы органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарма егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Басқарманың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, С. Сейфуллин көшесі, № 30.

10. Басқарманың толық атауы – "Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарма қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджет кірісіне жіберіледі.

2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Басқарманың миссиясы: коммуналдық меншік объектілерін салу және Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын үй саясатын іске асыру жөніндегі іс-шараларды жасау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

15. Міндеттері:

1) құрылысты ұйымдастыру және Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншік объектілерін реконструкциялау;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою (сатып алу), онда орналасқан ғимараттарды (құрылыстарды, орын-жайларды) бұзып алуға жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатты нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану, сондай-ақ авариялық тұрғын үйлерді бұзу;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы № 922 қаулысымен бекітілген Нұр-Сұлтан қаласында апатты үйлерді бұзып алудың пилотты жобасын іске асыру;

4) Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын үй саясатын іске асыру жөніндегі іс-шараларды жасау.

5) Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы заңнамалары нормаларын сақтау.

16. Функциялары:

1) бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын объектілерді салу бойынша тапсырыс берушінің функцияларын орындау;

2) салынған объектілерді пайдалануға тапсыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша тапсырыс беруші функциясын орындау;

3) меншік иелеріне (жерді пайдаланушыларға) өтемақы төлеумен мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп алып қоюмен байланысты жер учаскелерін босату және ғимараттарды (құрылыстарды, орын-жайларды) бұзу бойынша тапсырыс берушінің функцияларын орындау;

4) "Қазақстан Республикасы Нұр-Сұлтан қаласының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 9-2-бабының 1-тармағында белгіленген мемлекеттік кәсіпорыннан мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қоюды, оларды ғимараттардан (құрылыстардан, орын-жайлардан) босатуды қамтамасыз ету саласында көрсетілетін қызметтер мен жұмыстарды сатып алу;

5) авариялық тұрғын үйлерді бұзуды жүзеге асыру бойынша тапсырыс берушінің функцияларын орындау;

6) Басқарма қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте мемлекеттік сатып алуды өткізу;

8) Басқарманың қызметінен туындайтын мердігерлік шарттар мен басқа да шарттарды жасасу;

9) жасасқан шарттарға сәйкес тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды қаржыландыру;

10) мердігерлік ұйымдардың шарттық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету;

11) мердігерлік ұйымдардың шарттық міндеттемелерін орындауын бақылау;

12) қайтару негізінде бөлінген қаражатты есепке алуды және қайтарылуын қамтамасыз ету;

13) жұмысқа қабылдау және қызметкерлерді көтермелеу кезінде гендерлік теңгерім нормаларын сақтау;

14) гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыру;

15) әкімдікпен белгіленген азаматтық қорғаныс, жұмылдыру бойынша іс-шараларды орындау;

16) ведомстволық бағынысты ұйымдарға қатысты мемлекеттік басқару органының функциясын орындау;

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелерден Басқармаға жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті мәліметтерді, анықтамалар мен құжаттарды сұрату және алу;

2) құрылыс, абаттандыру саласындағы нормаларды, қағидаларды, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған лауазымды, заңды және жеке тұлғаларды жауапкершілікке тарту үшін тиісті мемлекеттік органдарға жүгіну;

3) Нұр-Сұлтан қаласының соттарында мыналарға қатысты:

жабдықталған тұрғын үй беру және тұрғын үй берместен, оның ішінде апатты және ескірген тұрғын үйлерден азаматтарды шығаруға;

әкімдіктің қаулысы негізінде мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға (сатып алуға), соның ішінде талап арыздан жартылай немесе толық бас тарту құқығымен талап арыздар беруге және оларға қол қоюға;

талап арыздың мәнін өзгертуге, сот шешімдеріне, анықтамаларына, Нұр-Сұлтан қаласының апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатыдағы сотының қаулыларына арыздануға және жауапкерден және басқа құзыретті органдар мен ұйымдардан қажетті құжаттарды талап ету құқығымен, барлық қажетті сұраныстар мен өтініштерге қол қою құқығымен орындауға сот актілерін ұсынуға, сот актілерінің мәжбүрлеп орындалуын талап етуге;

Басқарманың қызметінен туындайтын барлық мәселелер бойынша сот орындарында оның мүддесін ұсынуға қатысты талапкер, жауапкер, үшінші тұлға және мүдделі тұлға ретінде әкімдіктің мүддесін ұсынуға;

4) ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық жасауды жүзеге асыру;

5) жергілікті атқарушы органның қатысуымен заңды тұлғаларды құру, қайта ұйымдастыру, сондай-ақ тарату мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асыру.

3. Басқарма қызметін ұйымдастыру

18. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға, сондай-ақ Басқарма қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасының нормаларын сақтамауына дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. Басқарма басшысын Нұр-Сұлтан қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Басқарма басшысының орынбасарлары болады, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

21. Басқарма басшысының өкілеттігі:

1) Басқарма басшысы дербес басқару қағидатында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Ережеде белгілеген құзыретіне сәйкес Басқарма қызметінің мәселелерін өзі шешеді;

2) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) барлық ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

4) шарттар жасасады;

5) сенімхаттар береді;

6) іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысы бойынша Басқарманың тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес өзінің орынбасарларын және Басқарманың басқа да қызметкерлерін лауазымдарына тағайындайды және лауазымынан босатады;

9) Басқарма қызметкерлеріне көтермелеу мен тәртіптік жазалау шараларын қолданады;

10) Басқарманың құрылымын, Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

11) өз құзыретіне жататын өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

Басқарма басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

22. Басқарма басшысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

4. Басқарманың мүлкі

23. Басқарманың Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қосқанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен құрылады.

24. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

26. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың қарамағындағы ұйымдар тізбесі:

1) "Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қалалық жылжымайтын мүлік" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

2) "Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

3) "Елорда даму" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

"Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Нұр-Сұлтан қаласының аумағында мәдениет, өнер, дене шынықтыру және спорт саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Бейбітшілік көшесі, № 11.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

13. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: дене шынықтыру және спорт саласын қоса алғанда, мәдениеттің қайта жаңғыртылуын, сақталуын, қорғалуын, дамуы мен таралуын, пайдалануын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясатты қалыптастыру және тиімді іске асыру.

15. Міндеттері:

1) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында мәдениет, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында Қазақстан Республикасы халқының мәдениетін, сонымен қатар ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлерін қайта жаңғыртуға, сақтауға, дамытуға және таратуға бағытталған шаралар қабылдау;

3) ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарына баулу арқылы азаматтарды отаншылдыққа және эстетикалық тәрбиелеуге жағдайлар жасау;

4) дене шынықтыру мен спортты қолдау және ынталандыру;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасының нормаларын сақтау;

6) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жоғарылату кезінде гендерлік теңдік нормаларын сақтау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

1) Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне театр, музыка, цирк және киноөнер, мәдени-демалыс қызметі, кітапхана, музей ісі, дене шынықтыру-спорт ұйымдары саласындағы елорданың мемлекеттік мәдениет және спорт ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізу, сондай-ақ олардың қызметін үйлестіру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының аумағында мемлекеттік мәдениет және спорт ұйымдарына қатысты өкілеттіктерді жүзеге асыру;

3) халықаралық, республикалық және қалалық деңгейдегі мәдени-бұқаралық, ойын-сауық іс-шараларын дайындау және өткізу бойынша ұйымдастырушылық іс-шараларын жүзеге асыру;

4) дарынды жастар мен келешегі бар өнер ұжымдарын іздеу мен қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;

5) мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша ұйымдастырушылық іс-шараларды жүзеге асыру;

6) тарихи-мәдени мұраны сақтау бойынша жұмысты ұйымдастыру, тарихи, ұлттық және мәдени салт-дәстүрлердің дамуына ат салысу;

7) Нұр-Сұлтан қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі қалалық комиссиясының және Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік мәдениет ұйымдарының аттестациялық комиссиясының жұмысын ұйымдастыру;

8) мәдени құндылықтарды уақытша әкету бойынша сараптамалық комиссия құру және ол туралы ережені бекіту;

9) тиісті аумақтарда жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің пайдаланылу және күтіп-ұстау тәртібін, сондай-ақ археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарының орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

10) елорданың материалдық және рухани мәдениетін, тарихи және мәдени мұра объектілері мен тарихи және мәдени ескерткіштерін анықтау, есепке алу, қорғау, консервациялау, реставрациялау мен пайдалану, сондай-ақ елдің танымал мәдениет қайраткерлерін мәңгілік есте сақтау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

11) "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі елорданың тарих және мәдениет ескерткіштеріне ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету;

12) тарих және мәдениет ескерткіштеріне қорғау міндеттемелерін рәсімдеу және оларды меншік иелері мен пайдаланушылардың орындауын бақылау;

13) Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мен пайдалану заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде өтінім жасау;

14) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және тарихи-мәдени сараптаманың қорытындысы негізінде жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін мәртебесінен айыру туралы құжаттарды дайындау және жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығару;

15) мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру;

16) аккредиттелген республикалық және (немесе) жергілікті спорт федерацияларымен бірлесіп, спорт түрлері, оның ішінде ұлттық, техникалық және қолданбалы түрлері, бұқаралық спорт бойынша, сондай-ақ ардагер спортшылар арасында қалалық маңызы бар спорт жарыстарын өткізу;

17) спорт түрлері бойынша Нұр-Сұлтан қаласының құрама командаларын даярлауды және олардың республикалық және халықаралық спорттық жарыстарда өнер көрсетуін қамтамасыз ету;

18) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз ету;

19) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіру;

20) спортшыларға: Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат, 1-разрядты спортшы спорттық разрядтарын беру;

21) біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, бірінші санатты спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру;

22) аккредиттелген өңірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өңірлік күнтізбесін бекіту және оның іске асырылуын қамтамасыз ету;

23) жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеуді жүзеге асыру;

24) спорт мектептеріне және спорт мектептерінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" деген мәртебе беру;

25) Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлеріне тұрғын үй беру;

26) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда және мерзімдерде дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға ұсыну;

27) аккредиттелген өңірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша Нұр-Сұлтан қаласының құрама командаларының тізімдерін қалыптастыру және бекіту;

28) ресми дене шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

29) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын пайдалануды үйлестіру;

30) халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған спорттық ғимараттарды жобалау үшін техникалық ерекшеліктері мен техникалық тапсырманы республикалық аккредиттелген спорт федерацияларымен келісу;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алуларды жүргізу;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесінде басқа да функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, ұйымдардан және олардың басшыларынан, азаматтардан қойылған мақсаттарды орындау үшін қажетті ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

2) жан-жақты халықаралық мәдени және спорт байланыстарын дамыту;

3) халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар фестивальдер өткізу және шетелде өткізілетін фестивальдерге қатысу, кәсіби және әуесқой шығармашылық күндерін, көркем өнер ұжымдары мен орындаушылар сайыстарын, байқаулар және Нұр-Сұлтан қаласының мәдениеті мен өнер жетістіктерін көрсетуге байланысты басқа да іс-шараларды ұйымдастыру;

4) ведомстволық бағынысты кәсіпорындар қызметінің мәні мен мақсатын анықтау;

5) ведомстволық бағынысты кәсіпорындарда "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік мүлікін басқару бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

6) мәдениет және спорт саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

7) осы Ережемен айқындалған өз құзыреті шегінде барлық ведомстволық бағынысты ұйымдарға орындауға міндетті нұсқаулар беру, бұйрықтар шығару;

8) сот талқылауында талапкер немесе жауапкер ретінде әрекет ету;

9) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

18. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Нұр-Сұлтан қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) өз орынбасарлары мен "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі бөлімдері басшыларының, ведомстволық бағынысты ұйымдар басшыларының, басшылар орынбасарларының міндеттерін анықтайды және жауапкершілік деңгейін белгілейді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасарларын, қызметкерлерін және ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын, басшылардың орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасарларын, қызметкерлерін, ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын, басшылардың орынбасарларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ынталандырады және тәртіптік жаза қолданады;

4) өз құзыреті шегінде "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері үшін орындауға міндетті бұйрықтар шығарады ;

5) "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарда "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам орындайды.

22. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілейді.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

23. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне жатады.

25. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) Астана қаласы әкімдігінің "Алау" мұзайдыны сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

2) Астана қаласы әкімдігінің "Астана қаласының Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Астана қаласы әкімдігінің "Астаналық цирк" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

4) Астана қаласының әкімдігінің "Атамекен" Қазақстан картасы" этно-мемориалдық кешені" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

- 5) Астана қаласы әкімдігінің "Бейбітшілік және келісім сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 6) Астана қаласы әкімдігінің "Nomad City Hall" (Номад Сити Холл) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 7) Астана қаласы әкімдігінің "Дәулет "Спорткомбинаты" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 8) Астана қаласы әкімдігінің "Достық спорткомбинаты" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 9) Астана қаласы әкімдігінің "№ 1 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 10) Астана қаласы әкімдігінің "№ 2 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 11) Астана қаласы әкімдігінің "№ 3 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 12) Астана қаласы әкімдігінің "№ 4 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 13) Астана қаласы әкімдігінің "№ 5 Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 14) Астана қаласы әкімдігінің "№ 6 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 15) Астана қаласы әкімдігінің "№ 7 олимпиадалық резервінің балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 16) Астана қаласы әкімдігінің "№ 8 Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 17) Астана қаласы әкімдігінің "№ 9 Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 18) Астана қаласы әкімдігінің "№ 10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 19) Астана қаласы әкімдігінің "Жастар" сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 20) Астана қаласы әкімдігінің "Жастар театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

- 21) Астана қаласы әкімдігінің "Жігер" спорттық клубы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 22) Астана қаласы әкімдігінің "Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 23) Астана қаласы әкімдігінің "Қуыршақ театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 24) Астана қаласы әкімдігінің "Мемлекеттік академиялық филармония" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 25) Астана қаласы әкімдігінің "М. Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 26) Астана қаласы әкімдігінің "Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, мүгедек спортшыларға арналған спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 27) Астана қаласы әкімдігінің "Наз" мемлекеттік би театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 28) Астана қаласы әкімдігінің "Олимпиадалық резерв дайындау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 29) Астана қаласы әкімдігінің "Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының "АЛЖИР" мемориалды-мұражай кешені" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 30) Астана қаласы әкімдігінің "Сәкен Сейфуллин мұражайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 31) Астана қаласы әкімдігінің "Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 32) Астана қаласы әкімдігінің "Тәуелсіздік сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 33) Астана қаласы әкімдігінің "Тарихи-мәдени мұра объектілерін және ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі дирекция" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 34) Астана қаласы әкімдігінің "Толағай" жоғары спорт шеберлігі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 сәуірдегі
№ 1-449 қаулысына
19-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі Нұр-Сұлтан қаласының аумағында энергетика, сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтау және су бұрудың инженерлік коммуникациялық жүйелерін, нәсерлі кәріз, газ шаруашылығы, көгалдандыру және абаттандыру саласында басшылықты жүзеге асыратын Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі (бұдан әрі – әкімдік) уәкілеттік берген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар, мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Бейбітшілік көшесі, № 11.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынатын кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Нұр-Сұлтан қаласының аумағында энергетика, сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтау мен су бұрудың инженерлік коммуникациялық жүйелері, нөсерлік кәріз, газ шаруашылығы, көгалдандыру мен абаттандыру салаларын реттеу және басқару.

14. Міндеттері:

1) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында энергия үнемдеу, сумен жабдықтау мен су бұрудың инженерлік коммуникациялық жүйелері, нөсерлі кәріз, газ шаруашылығы, көгалдандыру мен абаттандыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында энергия кешенін, сыртқы жарықтандыруды, сумен жабдықтау мен су бұрудың инженерлік коммуникациялық жүйелерін, нөсерлі кәрізді, газ шаруашылығын, көгалдандыру мен абаттандыруды перспективалық дамытуды жоспарлау;

3) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында энергетика, сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтау мен су бұрудың инженерлік коммуникациялық жүйелері, нөсерлік кәріз, газ шаруашылығын, көгалдандыру мен абаттандыру объектілерінің құрылысын және реконструкциялауды ұйымдастыру;

4) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында энергетика, сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтау мен су бұрудың қалалық инфрақұрылым қызметі, нөсерлі кәріз, газ

шаруашылығы, көгалдандыру мен абаттандыру саласындағы қамтамасыз ететін заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру;

5) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жылжыту кезінде гендерлік теңгерімнің нормасын сақтау;

6) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтау.

15. Функциялары:

1) Нұр-Сұлтан қаласының отын-энергетикалық кешені және инженерлік инфрақұрылым саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) отын-энергетикалық кешен және инженерлік инфрақұрылым саласындағы әкімдіктің әрекет ету бағдарламаларын әзірлеу, олардың іске асырылуын бақылау;

3) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында электрмен, жылумен жабдықтаудың, сыртқы жарықтандырудың, сумен жабдықтау мен су бұрудың инженерлік инфрақұрылымын, нөсерлі кәрізді, инженерлік коммуникациялық жүйелерін, газ шаруашылығын, көгалдандыру мен абаттандыруды перспективалық дамытуды жоспарлау;

4) отын-энергетикалық кешен және инженерлік инфрақұрылым саласында өңірлік ғылыми-техникалық саясатты әзірлеу және іске асыру;

5) инвестициялық бағдарламалар мен жобаларды, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын іске асыру бойынша жылдық жоспарларды әзірлеуге қатысу;

6) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сумен жабдықтау және су бұрудың инженерлік инфрақұрылымы, нөсер кәріз, газ шаруашылығы, көгалдандыру мен абаттандыру саласында энергетикалық кешенді дамытудың ағымдағы және перспективалық жоспар-болжамын әзірлеуді ұйымдастыру;

7) инновациялық технологиялар мен энергия үнемдеуді енгізу саласындағы жұмысты үйлестіру және ұйымдастыру;

8) құзыреттілігі шегінде энергетика, сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтау мен су бұрудың, инженерлік коммуникациялық жүйелері, нөсерлі кәрізі, газ шаруашылығы, Нұр-Сұлтан қаласының аумағында көгалдандыру мен абаттандыру саласындағы нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді қабылдау;

9) электрмен және жылумен жабдықтау, сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтау мен су бұрудың инженерлік коммуникациялық жүйелерінің, нөсерлі кәріз, газ шаруашылығының, Нұр-Сұлтан қаласының аумағын көгалдандыру мен абаттандырудың қалалық және коммуналдық меншік объектілерін жобалау, салу және пайдалануға беру мерзіміне бақылауды жүзеге асыру;

10) меншік иелеріне (жер пайдаланушыларға) ақшалай өтемақы төлеумен электрмен, жылумен жабдықтау, сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтау мен су бұрудың инженерлік коммуникациялық жүйелерінің, нөсерлі кәріз, газ шаруашылығының, Нұр-Сұлтан қаласының аумағын көгалдандыру мен

абаттандырудың, қалалық және коммуналдық меншік объектілерінің құрылысы мен Реконструкциялауға мемлекет мұқтажы үшін алып қоюмен байланысты жылжымайтын мүлік объектілерін бұзумен жер учаскелерін босату жөнінде тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру;

11) электрмен, жылумен жабдықтау, сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтау мен су бұрудың инженерлік коммуникациялық жүйелерінің, нөсерлі кәріз, газ шаруашылығының, Нұр-Сұлтан қаласының аумағын көгалдандыру мен абаттандырудың қалалық және коммуналдық меншік объектілерін салуды және реконструкциялауды ұйымдастыру;

12) отын-энергетикалық кешен және инженерлік инфрақұрылым объектілеріне қатысты жобалар бойынша жобалық құжаттамаларды қарау және келісу;

13) уәкілетті органның қайтару негізінде бөлген қаражатын есепке алуды және қайтаруды қамтамасыз ету;

14) электрмен, жылумен жабдықтау, сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтау және су бұру, нөсерлі кәрізі инженерлік инфрақұрылымы, газ шаруашылығы, Нұр-Сұлтан қаласының аумағын көгалдандыру мен абаттандыру жай-күйін күнделікті жедел бақылауды жүзеге асыру;

15) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында электрмен, жылумен жабдықтау, сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтау және су бұру, нөсерлі кәріздің инженерлік инфрақұрылымы, газ шаруашылығы, көгалдандыру мен абаттандыру саласындағы қызметті қамтамасыз ететін Нұр-Сұлтан қаласы заңды тұлғаларының қызметін үйлестіру;

16) есеп құрылғылары жоқ тұтынушылар үшін электрмен және жылумен жабдықтау , сумен жабдықтау және су бұру, газбен жабдықтау жөніндегі коммуналдық қызметтерді пайдаланудың нормаларын бекіту;

17) энергия беруші ұйымдармен жылыту маусымына дайындық және өткізу іс-шараларын бақылауды жүзеге асыру;

18) барлық қуаттағы жылыту қазандықтары мен жылу желілерінің (магистральдық, орамішілік) күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа дайындығының паспорттарын беру;

19) жылу желілерін дайындауды және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруды және олардың күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуін бақылау;

20) жылу желілерін (магистральдық, орамішілік) жоспарлы жөндеуге келісу;

21) "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, қызметтік хат-хабарларды қарау және азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру;

22) "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер

бойынша шетелдік және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасты және ынтымақтастықты ұйымдастыру;

23) әкімдіктің қаулысы негізінде коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын орындау.

16. Құқықтары және міндеттері:

1) электрмен, жылумен жабдықтау, сыртқы жарықтандыру, сумен жабдықтау және су бұру, нөсерлі кәріздің инженерлік коммуникациялық жүйесінің, газ шаруашылығының, Нұр-Сұлтан қаласының аумағын көгалдандыру мен абаттандырудың қалалық және коммуналдық меншік объектілерін салу және реконструкциялау перспективасын анықтау;

2) энергетика саласы мен инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымға қызмет көрсету, коммуналдық қызметті жеткізу бойынша жұмыстарды жақсарту туралы бағдарламалар, ұсыныстар әзірлеу;

3) кәсіпорындардан, ұйымдардан және мекемелерден "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті мәліметтерді, анықтамаларды, құжаттарды сұрау және алу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстарды ұйымдастыру және өткізу;

5) инженерлік-коммуналдық инфрақұрылым саласында Қазақстан Республикасының нормаларын, қағидаларын, заңнамасын бұзған лауазымды, заңды және жеке тұлғаларды жауапкершілікке тарту үшін тиісті мемлекеттік органдарға өтініш білдіру;

6) шағым жасау, талап-арыз жазу, соттарда талапкер және жауапкер ретінде әрекет ету;

7) "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін басқаруды жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

17. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және олардың функцияларын жүзеге асыруға жеке жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

18. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Нұр-Сұлтан қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттілігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін лауазымына тағайындау және лауазымынан босатады, олардың міндеттері мен өкілеттігін анықтайды;

2) "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бөлімдері туралы ережелерді бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) өз құзыреті шегінде "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері үшін орындауға міндетті бұйрықтар шығарады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, өз құзыреті шегінде "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін мемлекеттік органдар мен ұйымдарда сенімхатсыз ұсынады;

6) шарттарды жасасады және қол қояды, сенімхаттар береді;

7) өзінің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша шаралар қолданады және ол үшін жеке жауапкершілікте болады.

"Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілейді.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

22. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда коммуналдық меншік болып табылатын жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен қалыптасады және негізгі қорлардан және айналымдағы қаражаттан, сондай-ақ құны "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің теңгерімінде көрсетілетін басқа да мүліктен тұрады.

23. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне жатады.

24. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

25. "Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 9 сәуірдегі
№ 1-449 қаулысына
20-қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сәулет, қала

құрылысы қызметі және жер қатынастары саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы және штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Ә. Мәмбетов көшесі, № 24.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

13. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен, "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Нұр-Сұлтан қаласын сапалы қалалық ортамен, дамыған инфрақұрылыммен, өзіндік сәулетпен қамтамасыз ету, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының жер ресурстарын барынша тиімді пайдалану және жер қатынастарын реттеу үшін жағдай жасау бойынша мемлекеттік саясатты жетілдіру.

15. Мақсаттары:

1) Нұр-Сұлтан қаласының аумағы мен қала маңындағы аймақтарда сәулет, қала құрылысы, сондай-ақ жер қатынастары саласында мемлекеттің мүддесін қамтамасыз ету;

2) сәулет-қала құрылысы қызметі және жер қатынастары саласында мемлекеттік, қоғамдық және жеке мүдделерді ескере отырып, халықтың тыныс-тіршілігіне толыққанды қолайлы ортаны қалыптастыру мен дамыту;

3) аумақтық және ауыларалық маңызы бар қалалық аумақтар мен табиғи ресурстарды қала құрылысын игеру, дамыту мен құрылыс салу барысында оңтайлы және нысаналы пайдалану жөніндегі іс-шараларды орындау;

4) экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес құрылыстарды, көліктік, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды кешенді қалыптастыру, қаланы абаттандыру және көгалдандыру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде сәулет, қала құрылысы қызметі және жер қатынастары саласындағы заңнама нормаларының, мемлекеттік нормативтердің және Нұр-Сұлтан қаласының аумағы мен қала маңындағы аймақты игеру кезінде белгіленген тәртіпте бекітілген сәулет, қала құрылысы және өзге де жобалық құжаттаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

6) Нұр-Сұлтан қаласын дамытудың бас жоспарын (бұдан әрі – Бас жоспар), елорданың қала маңындағы аймағына жатқызылған іргелес аумақтардың қала құрылысы жоспарлаудың кешенді сызбаларын (аудандық жоспарлау жобасын) және

басқа да әзірленген, бекітілген қала құрылысын реттейтін және жобалау-жоспарлау құжаттамаларын іске асыру бойынша қызметті үйлестіру;

7) бекітілген жобалау құжаттамасына сәйкес құрылыс жобаларын іске асыруға, қала құрылысы тәртібінің сақталуына мониторингті жүзеге асыру;

8) сәулет және қала құрылысы саласында мемлекеттік тапсырысты әзірлеу жөнінде ұсыныстарды қалыптастыру бойынша жұмыстарды үйлестіру;

9) сәулет және қала құрылысы қызметі саласында, соның ішінде сәулет және қала құрылысының талаптары бөлігінде Нұр-Сұлтан қаласы аумағындағы инвестициялық құрылыс қызметі саласында нормативтік құқықтық және ғылыми-әдістемелік қорын құруға қатысу;

10) белгіленген тәртіпте Нұр-Сұлтан қаласының әкіміне (бұдан әрі – әкім) объектілер мен кешендерді орналастыру, қала құрылысы мақсаты үшін жер учаскелерін беру және оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін алу бойынша ұсыныстарды дайындау;

11) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жүзеге асырылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі мәселелері бойынша, сондай-ақ "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін беру, пайдалану, нысаналы мақсатын өзгерту және алу мәселелері бойынша республикалық және өзге аумақтық органдармен өзара әрекеттесу;

12) халықты және инвесторларды аумақтың дамуы мен құрылыс салудың келешегі немесе өзге де қала құрылысы өзгерістері туралы хабардар ету;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шекте және тәртіппен, Нұр-Сұлтан қаласының жер ресурстарын тиімді және оңтайлы пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған, жер қатынастары саласындағы қызметті жүзеге асыру;

14) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жерді аймақтау жобаларын, жерлерді тиімді пайдалану бойынша сызбаларды әзірлеу және жерге орналастыруды өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

15) "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасын жетілдіру және жоғарылату;

16) жерлердің, меншік иелері мен жер пайдаланушылардың есебін жүргізу сапасын жоғарылатуды, Нұр-Сұлтан қаласы жерлерінің жыл сайынғы теңгерімін құруды қамтамасыз ету және орталық уәкілетті органға есеп беру;

17) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, сондай-ақ жер қатынастары саласында мемлекеттің мүддесін қамтамасыз ету және қорғау;

18) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтау;

19) гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыру, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жоғарылату кезінде гендерлік теңгерім нормаларын сақтау.

16. Функциялары:

1) ведомстволық бағыныстағы аумақта сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары саласында мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) ведомстволық бағыныстағы аумақта сәулет, қала құрылысы қызметі және жер қатынастары саласында мемлекеттік реттеу және басқару ұсыныстарын әзірлеу;

3) Нұр-Сұлтан қаласы мен қала маңындағы аумақтарды игеру мен салудың басым бағыттары бойынша қаланы әлеуметтік-экономикалық дамытудың аумақтық бағдарламалары мен кешенді жоспарларын әзірлеу мен келісуге қатысу;

4) Бас жоспарды және өзге де қала құрылысы құжаттамаларын әзірлеуге тапсырыс берушінің функцияларын орындау;

5) жобалық құжаттама шегінде:

а) Бас жоспар ережелерінің, қала құрылысын жоспарлау туралы өзге де құжаттамалардың;

б) қала құрылысы нормативтері талаптарының;

в) қала құрылысы қызметін реттейтін регламенттер талаптарының;

г) жобалық құжаттамаларды дайындау, құрылысты жүргізу, реконструкциялау, қала құрылысы объектілерін қалпына келтіру мен күрделі жөндеу, аумақты абаттандыру мен көгалдандыру, қала ортасының дизайнын әзірлеу барысында бастапқы-рұқсат беру құжаттамалары талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу;

б) елорда мен қала маңындағы аумақтарда қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында мемлекеттік нормативтердің (мемлекеттік нормативтік құжаттардың) жобаларын келісуден өткізу;

7) әкімге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жобалау-жоспарлау құжаттамасының негізінде қала жерлерін нысаналы пайдалану талаптары бойынша ұсыныстар әзірлеу;

8) уақытша ғимараттар мен құрылыстарды орналастыру, аумақты абаттандыру мен қалалық ортаны сәулет-көркемдік безендіру және дизайн жөніндегі ұсыныстарды қарастыру және келісуден өткізу;

9) қосымша жер учаскесін қосуды талап етпейтін құрылыстарды, ғимараттарды, тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды, жеке тұрғын үйлерді реконструкциялауды, қайта жоспарлауды және қайта жабдықтауды, күрделі жөндеу мен қалпына келтіруді, қасбеттерді реконструкциялауды орындау туралы шешімдер қабылдау;

10) ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім қабылдау;

11) ғимараттарды (имараттарды) ғибадат үйлері (имараттар) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім қабылдау;

12) объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуді міндетті түрде ескере отырып, пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;

13) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесін жүргізу мен толтыруды қамтамасыз ету;

14) "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамындағы ведомстволық бағынысты кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асыру;

15) сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары саласында елорданы дамыту мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

16) Нұр-Сұлтан қаласының Қала құрылысы кеңесі жұмыс органының функцияларын жүзеге асыру;

17) гендерлік және отбасы-демографиялық саясатты жүзеге асыру;

18) Нұр-Сұлтан қаласының жобаланып жатқан инженерлік желілері мен құрылыстары туралы деректерді базаға енгізуді жүзеге асыру;

19) Нұр-Сұлтан қаласында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға рұқсат беру ;

20) сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру бойынша жұмыстарды жалпы үйлестіруді, көрнекі тексеруді жүзеге асыру;

21) үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсатты дайындау;

22) үлескерлердің ақшасын тартуға берілген рұқсаттарды есепке алуды жүргізу;

23) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды, олар бойынша талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шарттарды есепке алуды жүргізу;

24) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы бойынша көшірме беру;

25) құрылыс салу және реконструкциялау (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын іске асыру кезінде бастапқы материалдарды дайындау;

26) эскизді (эскиздік жобаны) келісуді жүзеге асыру;

27) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің (бұдан әрі – әкімдік) атқарушы органының Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 71-бабына сәйкес іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру бойынша ұсыныстар дайындауды ұйымдастыру;

28) жерлерді резервке қою жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

29) Нұр-Сұлтан қаласы жерлерінің теңгерімін жасау;

30) жер учаскелерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту бойынша ұсыныстар мен әкімдік қаулыларының жобаларын дайындау;

31) жер учаскесін сатып алу-сату, жалға беру және уақытша өтеусіз жерді пайдалану шарттарын жасау және жасасқан шарттар талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

32) иесіз жер учаскелерін анықтау және оларды есепке қою бойынша жұмысты ұйымдастыру;

33) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жөнінде ұсыныстар дайындау;

34) жер учаскелерінің бөлінетіндігін және бөлінбейтіндігін анықтау;

35) мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту;

36) жерге орналастыруды ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

37) жерлерді аймақтарға бөлу жобаларын, Нұр-Сұлтан қаласының жерін тиімді пайдалану бойынша жобаларды және сызбаларды жасауды ұйымдастыру;

38) жер сауда-саттығын (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді ұйымдастыру;

39) жерді пайдалану және қорғау мәселелерін қозғайтын жобалар мен сызбаларға сараптама өткізу;

40) жер учаскелері меншік иелерінің және жер пайдаланушылардың, сондай-ақ басқа да жер құқығы қатынастары субъектілерінің есебін жүргізу;

41) жер-кадастрлық жоспарын бекіту;

42) жер учаскелерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту туралы, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары саласындағы басқа да мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініш қабылдауды жүзеге асыру;

43) мемлекеттік органның ішкі қызметін цифрландыруды ұйымдастыру, соның ішінде оларды автоматтандыруды, цифрлық архив деректерін құруды, жүргізуді ұйымдастыру;

44) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіндегі қажетті объектілер туралы кеңістік деректерді және олармен байланысты ақпаратты жинау, сақтау, талдау процестерін ұйымдастыру;

45) елді мекенде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін Нұр-Сұлтан қаласында аймаққа бөлу коэффициентін әзірлеу;

46) елді мекенде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін Нұр-Сұлтан қаласында аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы әкімдік қаулысының жобасын дайындау;

47) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да функцияларды жүзеге асыру.

17. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құқықтары мен міндеттері:

1) Нұр-Сұлтан қаласының аумағында барлық заңды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті сәулет, қала құрылысы, құрылыс және жер қатынастары саласында шешімдер қабылдау;

- 2) халықаралық және өзге де ұйымдарда сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары мәселелері бойынша әкімдіктің мүддесін білдіру;
- 3) сәулет, қала құрылысы, құрылыс және жер қатынастары мәселелері бойынша әкімдіктің атқарушы органдары әзірлеген заңнамалық және өзге де нормативтік актілердің жобалары жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 4) Нұр-Сұлтан қаласының сәулет және жер қатынастары органдарымен келісілген және бекітілген белгіленген нормативтік, сәулет-қала құрылысы, экологиялық немесе өзге де талаптарға, бастапқы материалдарға сәйкес келмейтін жобаларды келісуден бас тарту;
- 5) сәулет, қала құрылысы қызметі және жер қатынастары саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған кінәлі тұлғаларды әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін материалдарды құзыретті органдарға жіберу;
- 6) сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары бөлігінде нормативтік құқықтық актілер жобаларын келісуді жүзеге асыру;
- 7) сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары саласындағы Нұр-Сұлтан қаласының проблемалары мен мәселелерін зерттеу және шешу үшін келісім негізінде жетекші отандық және шетелдік мамандарды тарту;
- 8) ведомстволық бағынысты және басқа да жетекші жобалау, іздестіру және ғылыми-зерттеу ұйымдарымен, сондай-ақ жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарымен, Қазақстан Республикасының шығармашылық одақтарымен шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру;
- 9) ведомствоаралық комиссиялардың жұмысына қатысу, Нұр-Сұлтан қаласының сәулет және қала құрылысы мәселелері жөніндегі ғылыми-әдістемелік, сараптамалық және өзге де кеңестер, жұмыс топтарын құру;
- 10) сәулеттік конкурстарды өткізу;
- 11) бекітілген жобалық құжаттамалар мен рұқсат беру талаптарынан бұзушылықтарды анықтау мен бұзушылықтарға және/немесе ауытқушылықтарға жол бермеу бойынша шаралар қолдану;
- 12) бұзу фактілері бойынша материалдарды шаралар қолдану үшін тиісті органдарға беру;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде мемлекеттік сатып алуды жүргізу;
- 14) әкімнің сенімхаты бойынша сот органдарында сәулет, қала құрылысы және жер құқығы қатынастары мәселелері бойынша елорданың мүддесін білдіру және қорғау;
- 15) мемлекеттік органдардан сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары саласындағы мәселелер бойынша ақпарат сұрау және алу;
- 16) сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары саласындағы мәселелер бойынша орталық уәкілетті мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерімен және әкімдіктің

атқарушы органының құрылымдық бөлімшелерімен сектораралық өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;

17) ведомствоаралық комиссияның жұмысына қатысу, сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары саласындағы мәселелер бойынша ғылыми-әдістемелік, сараптамалық және өзге де кеңестерді, жұмыс топтарын құру;

18) жердің сандық және сапалық есебі және Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жер қатынастарын реттеу туралы ақпаратты дайындау;

19) кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жүргізу;

20) Нұр-Сұлтан қаласында жер учаскелеріне құқық беру жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) апта сайынғы отырысын өткізуді ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

21) Комиссия отырыстарының хаттамаларын және жер учаскелеріне құқық беру, мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алу және олардың нысаналы мақсатын өзгерту жөніндегі әкімдік қаулыларының жобаларын дайындау;

22) иесіз жер учаскелерін есепке қою және оларды мемлекет иелігіне қайтару бойынша сот органдарына талап-арыздарды енгізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңнамамен қорғалатын мүдделерін сақтау;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

18. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын әкім қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі жұмысына басшылықты жүзеге асырады, оның

құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды және "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына, сондай-ақ "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын орындамағанына жеке жауапты болады;

2) "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тәртіптік, аттестациялық және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылық жасайды, кадр қызметінің жұмысын бақылайды;

3) "Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық, қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;

